AIQYN

www.aikyn.kz
e-mail: aikyn.kz.gazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti

ГАЗЕТКЕ ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

СЕЙСЕНБІ №16 (4702)
10.02.2026

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

САУДА СЕРІКТЕСТІГІНЕ СЕРПІН БЕРІЛМЕК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Sunwah Group корпорациясының төрағасы, Қытай Халықтық саяси консультативтік кеңесі Бүкілқытайлық комитетінің Тұрақты комитет мүшесі, Гонконгтағы Қытай бас сауда палатасының төрағасы Цай Гуаньшэньмен кездесті.

Президент Қазақстан Қытай Халық Республикасымен арадағы мәңгі әрі жан-жақты стратегиялық серіктестікті белсенді түрде дамытуға айрықша маңыз артатынын атап өтті. Осы орайда Президент 2013 жылы ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин алғаш рет Астанада ұсынған «Бір белдеу, бір жол» бастамасы табысты іске асырылып жатқанына назар аударды.

Қасым-Жомарт Тоқаев екі елдің сауда-экономикалық байланыстарының қарқынына жоғары баға беріп, бүгінде Қытай Қазақстанның ең ірі сауда серіктесі саналатынын, тауар айналымы жыл сайын рекордтық межені бағындырып отырғанын айтты.

Әңгімелесу барысында инвестициялық ықпалдастыққа баса мән берілді. Мемлекет басшысының айтуынша, Қазақстан шетелден инвестиция тартуға жағдай жасап, бірлескен стратегиялық жобаларға жан-жақты қолдау көрсетеді.

Президент әлем жасанды интеллектінің белсенді даму кезеңіне қадам басқанын атап өтті. Бұл бағытта Қытай көш бастап тұр. Мемлекет басшысы Қытай тарапымен аталған салада ынтымақтастықты дамытуға ниет білдірді.

Цай Гуаньшэнь қонақжайлық танытқаны үшін Мемлекет басшысына алғыс айтты. Ол Қазақстанның ең алдымен, қаржы секторындағы инвесторлар үшін тартымды әрі сенімді инвестициялық юрисдикциясын жоғары бағалады. Корпорация басшысының айтуынша, бұған Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен Төраға Си Цзиньпин тарапынан көрсетілген жүйелі қолдау оң септігін тигізіп отыр.

Кездесу барысында қаржы, энергетика, цифрландыру, медицина, ауыл шаруашылығы және құрылыс салаларындағы ықпалдастықтың перспективті бағыттары қарастырылды.

ӨҢІРЛІК ДАМУ ЖОЛЫНДАҒЫ КЕЛІСІМ

Мемлекет басшысы Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкінің президенті Цзоу Цзяиді қабылдады. Кездесуде Қасым-Жомарт Тоқаев Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкі еліміздің маңызды стратегиялық серіктесі саналатынын атап өтті. Қаржы институты Қазақстанда басымдыққа ие инфрақұрылымдық және инвестициялық жобаларды іске асыруға қатысады.

Президент бүгін қол қойылған Серіктестік туралы негіздемелік келісімді құптады. Аталған құжаттың орнықты экономикалық дамуды ілгерілету мен өңірлік ынтымақтастықты нығайтуда мәні зор. Қасым-Жомарт Тоқаев Цзоу Цзяиді жуырда Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкінің президенті болып тағайындалуымен құттықтады.

– Сіздің осы лауазымдағы сапарыңызды Қазақстаннан бастағаныңызды жоғары бағалаймыз. Бұл екіжақты ынтымақтастыққа тың серпін беретін жақсы нышан деп санаймыз. Банкпен бірге жалпы сомасы 2,6 миллиард доллардан асатын 9 жобаны жүзеге асырып жатырмыз. Мұның бәрі өзара ықпалдастығымыз бен байланысымызды жандандыра түсетініне сенімдімін, – деді Мемлекет басшысы.

Цзоу Цзяи Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкі Қазақстанның энергетика, көлік және әлеуметтік инфрақұрылым секторларындағы бірқатар ірі жобаға қолдау көрсеткенін жеткізді.

– Ыстық ықыласыңыз бен ұзақ жылдар бойы Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкіне көрсеткен қолдауыңыз үшін алғыс айтамын. Қазақстан мен басқа да акционерлердің маған артқан сеніміне дән ризамын. Банк қызметінде алғашқы онжылдықтағы жетістіктерге негізделген сабақтастықты сақтаймын. Сондай-ақ тұтынушылардың өзгеріп жатқан сұраныстарына жедел жауап беру үшін қаржы институтын одан әрі өркендетуге тырысамын, – деді банк жетекшісі.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Цзоу Цзяи бірлескен қызмет аясын тереңдетуге айтарлықтай мүмкіндік бар екеніне тоқталды. Таяу жылдары Қазақстан инфрақұрылым секторын жаңғырту бойынша ауқымды жоспарды жүзеге асыруға ниетті. Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкі осы стратегиялық бастамаларға белсене атсалысуға дайын.

Қазіргі уақытта банк Көкшетау қаласындағы көпбейінді аурухана құрылысы, қуаты 220 МВт болатын жел электр станциясы, Жезқазған – Қарағанды, Ақтөбе – Қарабұтақ – Ұлғайсын автокөлік жолдарының учаскелері және Алматы қаласын айналып өтетін теміржол салу жобаларына қаржы бөлуде.

ТАҒАЙЫНДАУ

Мемлекет басшысының өкімімен Елнұр Сабыржанұлы Бейсенбаев Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі лауазымына тағайындалды.

АЗАМАТТЫҚ ШАРТ ЗАҢДЫ «АЙНАЛЫП» ӨТУДІҢ АМАЛЫ ЕМЕС

Мемлекет Еңбек кодексіне түбегейлі маңызды қағиданы тікелей бекітуді ұсынып отыр: егер жеке тұлғамен жасалған шартта еңбек қатынастарының кемінде бір белгісі болса, мұндай шарт атауына қарамастан автоматты түрде еңбек шарты болып саналады.

→ 4

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУДЫҢ АУҚЫМЫ КЕҢЕЙЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Асқарбек Ертаевты қабылдады. Президентке ведомство қызметінің биылғы басым бағыттары жөнінде баяндалды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа халықты жұмыспен қамту жоспары жөнінде мәлімет берілді. Уақытша шаралардан гөрі тұрақты және сапалы жұмыс орындарын ашу, еңбек ұтқырлығын арттыру және білім беру жүйесі мен нарық сұранысы арасында тығыз байланыс орнату жоспарланып отыр. Жастарды, соның ішінде NEET санатындағы азаматтарды жұмыспен қамтуға баса мән беріледі.

Мемлекет басшысына атаулы әлеуметтік көмек жүйесін одан әрі жетілдіру жоспары таныстырылды. Министрлік цифрлық бағалау құралдары арқылы қолдау шараларының нақты адресіне жету мүмкіндігін кеңейтуге ниетті. Сонымен қатар көмек алатын әрі еңбекке жарамды азаматтарды міндетті түрде жұмыспен қамти отырып, әлеуметтік келісімшарт тәжірибесін кеңейтуді көздеп отыр.

Президентке зейнетақы жүйесінің ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз ету және зейнетақы төлемдерінің лайықты деңгейін сақтау жөнінде айтылды.

Мүгедектігі бар тұлғаларды әлеуметтік тұрғыдан қорғау мәселелеріне баса назар аударылды. Министрлік арнаулы әлеуметтік қызметтерді жан басына қарай қаржыландыру тетігін одан әрі дамытуды, олардың сапа стандарттарын арттыруды, оңалту қызметтері мен техникалық құралдарды қолжетімді етуді жоспарлап отыр. Сонымен қатар инклюзивті жұмыс орындарын ашуға ден қояды.

Министр Көші-қон саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары жайында ақпарат берді. Көші-қон үдерісін басқару және болжау деңгейін жақсарту, ішкі миграцияны теңгерімді жүргізу, елдегі еңбек нарығын қорғауға басымдық бере отырып, еңбек көші-қонын реттеуді жетілдіру көзделген.

Мемлекет басшысы халықты жұмыспен қамту, азаматтардың табысын ұлғайту, әлеуметтік қолдаудың шын мұқтаж жандарға жетуін бақылауды күшейту, зейнетақы жүйесін жетілдіру, теңгерімді көші-қон саясатын іске асыру, әлеуметтік қорғауда инклюзивті тәсілдерді дамыту, сондай-ақ цифрлық шешімдерді қолдану арқылы еңбекті қорғау жүйесін нығайту және қауіп-қатерлердің алдын алу бойынша бірқатар тапсырма берді.

СЕРГЕК БОЛАМЫН ДЕП САУЛЫҚТАН АЙЫРЫЛМАЙЫҚ

«Ұрпақ саулығы – ұлт саулығы» деген ұлағатты сөздің астарында терең мағына, ұлы ұғым жатыр. Мемлекеттің болашағы, мәңгілік тұрмағы жас буынның денсаулығына тікелей байланысты. Алайда жастар арасында белең алған зиянды әдеттер елдің ертеңіне қауіп төндіреді. Соның бірі – энергетикалық сусындарға деген әуестік. Жасөскіндер уақытша қуат беретін бұл сусынның ұзақмерзімді зардабы барын біле бермейді, білсе де елемейді. Бұл ретте көмекке мемлекет келіп, залалды «сұйықтыққа» тыйым салды. Кейінгі аптада бұл тыйымды бұзған кәсіпкерлерді жазалау басталды.

ҚАУІПТІ СУСЫН, КЕШІККЕН ТЫЙЫМ

Сергектік үшін денсаулықты құрбан ету бүгінгі қоғамның ең қауіпті әдеттерінің біріне айналып барады. Сондықтан Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы энергетикалық сусындарды жастардың тұтынуына шектеу қою мәселесін пысықтауды тапсырған болатын. Тиісінше, бір жарым жылдан астам уақыт бұрын өскелең ұрпақтың денсаулығын қорғауға бағытталған қатаң шектеу енгізілді. Бұл норма «Ойын бизнесі, лотереялар және лотерея қызметі мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңның құрамында 2024 жылғы 8 шілдеде қабылданды. Онда ел тарихында тұңғыш рет энергетикалық сусындарды 21 жасқа толмағандарға сатуға тыйым салынды.

Алайда сол тыйым іс жүзінде орындалмады. Энергетиктер тәтті «газдалған сусын» кейпіне еніп, балаларға бұрынғыша еркін сатылып келді. Вейп, қоркор сияқты бұл «спиртсіз ішімдіктерге» қатысты

тыйымның «тағдыры» тағы да қағаз жүзінде қалған. Неге? Себебі Әкімшілік кодексте бұл шектеуді бұзғаны үшін жаза қарастырылмады. Жауапкершілік болмаған жерде заң жүзіндегі талаптың өзі халық арагідік сескене еске алатын «ырым-тыйымға» айналып кетеді екен.

(Жалғасы 4-бетте)

БАСТАМАЛАРДЫҢ БАҒЫТЫН АЙҚЫНДАДЫ

Парламент Сенатының Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен жаңа Конституция жобасының негізгі мәнін талқылауға арналған дөңгелек үстел өтті. Іс-шараға Сенат депутаттарымен бірге сарапшылар қауымдастығының, ғылыми және талдау орталықтарының, салалық институттардың өкілдері, сондай-ақ Сенат жанындағы сарапшылар клубы мен Taldau Community мүшелері қатысты.

Отырысты ашқан Мәулен Әшімбаев Мемлекет басшысының бастамасымен іске асырылып жатқан реформалардың стратегиялық маңызына назар аударды. Сондай-ақ ол жаңа Конституция жобасы қоғамның саяси жүйені терең жаңғыртуға қатысты сұранысының жарқын көрінісі екенін атап өтті.

«Конституциялық реформа – Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың еліміздегі саяси жүйені терең және жүйелі жаңғыртуға бағытталған бастамаларының заңды әрі дәйекті жалғасы. Жаңа Конституция жобасының негізі заң мен тәртіп қағидатына, азаматтардың мүдделері мен құқықтарына, сондай-ақ табиғатты қорғауға жауапкершілікпен қарауға және орнықты даму бағдарына табан тірейді. Бұл – бекітілген нақты конституциялық нормалар арқылы Әділетті Қазақстан идеясын жүзеге асырудың айқын көрінісі», – деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар Сенат Төрағасы Конституция жобасы мәні жағынан Қазақстанның даму философиясын жаңартып, мемлекеттіліктің жаңа кезеңін айқындайтын тарихи құжат екенін айтты. Ол құжатты қоғамдық талқылаудың деңгейі ауқымды екенін және Конституциялық комиссия жұмысы ашық әрі жария түрде жүргізіліп жатқанын да тілге тиек етті.

«Конституциялық комиссияның жұмысы ашық және жария түрде жүргізілуде. Отырыстар тікелей эфирде көрсетіліп жатыр. Комиссияға азаматтардан көптеген өтініш-ұсыныс келіп түскені де белгілі. Іс жүзінде жаңа Конституция кең ауқымды қоғамдық талқылау барысында қалыптасуда. Бүгінгі дөңгелек үстел – осы ауқымды әрі жауапты диалогтың бір бөлігі. Алдағы кезеңде Конституцияда айқындалған құндылықтар мен идеяларды нақты тетіктерге, болашақ заңдар мен құқық қолдану тәжірибесіне көшірудің маңызы зор», – деді Сенат Төрағасы.

Басқосу барысында «AMANAT» партиясының Қоғамдық саясат институтының директоры Мадина Нұрғалиева жаңа Конституция жобасына негіз болған басты ұстанымдарды атап өтті. Оның айтуынша, Негізгі заңға ұсынылып отырған өзгерістер елдің жинақталған тәжірибесіне сүйене отырып, Қазақстанның институционалдық даму жолын логикалық тұрғыдан жалғастырады.

«Қолданыстағы Конституция тәуелсіздігіміздің алғашқы кезеңінде қалыптасып, енді ғана дербес мемлекет ретінде орнығa бастаған елдің ұстанымдары мен құндылықтарын бейнеледі. Ал жаңа Конституция жобасы Қазақстанды кемеліне келген, қалыптасқан мемлекет ретінде танытады», – деді Мадина Нұрғалиева.

Қазақстанда экологияны қорғау және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану мәселелері жаңа Конституция аясында ерекше мәнге ие болып отыр. Сала мамандарының айтуынша, жаңа конституциялық нормалар мемлекетке қоршаған ортаны қорғау міндетін жүктеп қана қоймай, азаматтардың да бұл үдерістерге белсенді қатысуына құқықтық негіз қалыптастырады. Жиынға қатысқан «Ұлттық энергия үнемдеу орталығының» басқарма төрағасы Елдос Абақановтың сөзінше, жаңа Конституция экологияға деген көзқарасты түбегейлі өзгертеді.

«Қазақстан табиғи ресурстарға бай мемлекет ретінде орнықты дамуды қамтамасыз етуге тиіс. Пайдалы қазбалар экономикалық өсімнің маңызды факторы болып отыр, алайда басым міндет – оларды қайта өңдеу арқылы қосылған құнды арттыру. Қазір жаңа Конституция аясында бұл қағидаттар кеңейтіліп жатыр. Мемлекет экологиялық және экономикалық қауіпсіздікті қатар қамтамасыз етеді, ал азаматтар табиғатты қорғау ісіне белсенді қатыса алады», – деді сарапшы.

Іс-шара барысында Парламент Сенаты Төрағасының орынбасарлары, Конституциялық реформа жөніндегі комиссияның мүшелері Жақып Асанов пен Ольга Перепечина, Сенаттың Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің Төрағасы, Конституциялық реформа жөніндегі комиссияның мүшесі Нұрлан Бекназаров сөз сөйледі. Сондай-ақ Қазақстандық қоғамдық даму институтының басқарма төрайымы, Конституциялық реформа жөніндегі комиссияның мүшесі Жұлдызай Ысқақова және білім беру саласының сарапшысы Мәдина Тыныбаева жаңа Ата Заңның жобасы жөнінде пікір білдірді.

Дөңгелек үстелдің қорытындысы бойынша қатысушылар конституциялық реформаны сараптамалық тұрғыда сүйемелдеудің маңызды екенін айтып, алдағы уақытта сындарлы диалогты жалғастыруға дайын екенін білдірді.

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА: ОРТАҚ ҰСТАНЫМ ҮЛГІСІ

Астанада Конституциялық реформалар жөніндегі комиссияның кезекті отырыстары өтті. Комиссия мүшелері Ата Заңға енгізілетін өзгерістерді саралап, сарапшылар мен қоғамның ұсыныстарын ой елегінен өткізіп жатыр. Бұл жолғы басқосуда да сөз болған тақырыптардың аясы өте кең болды. Заң, қылмыстық процестер, адам құқықтары, әлеуметтің түрлі тобына қатысты түйткілдерді реттеу бойынша ұсыныстар тыңдалды.

Мадияр ТӨЛЕУ

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫНА БАСЫМДЫҚ БЕРІЛДІ

Конституциялық Сот төрағасының орынбасары Бақыт Нұрмұханов тоғызыншы рет өткізіліп жатқан жиында жаңа Конституция жобасын жетілдіру барысы мен жалпыхалықтық талқылау нәтижесінде енгізілген негізгі өзгерістер туралы сөз қозғады. Оның айтуынша, Конституциялық комиссия барлық ұсыныс пен ескертуді мұқият зерделеп жатыр.

Мәселен, теңгені ұлттық валюта ретінде конституциялық тұрғыда бекіту ұсынысын жүзеге асыру үшін 2-бап жаңа тармақпен толықтырылған. Бұл баптың 6-тармағы 7-тармақ болып өзгертіліп, жоба редакциясында мынадай мазмұнда сақталады: «Қазақстан Республикасының Егемендігі, Тәуелсіздігі, унитарлығы, аумақтық тұтастығы мен басқару үлгісі өзгермейді».

«6-бапта мемлекеттік органда саяси партия ұйымын құруға жол берілмейтіні туралы норманы 1-тармақтан 2-тармаққа өзгеріссіз ауыстыру ұсынылып отыр. Бұл норма аталған баптың 2-тармағының ережелерін логикалық тұрғыдан толықтырады, онда мемлекеттің қоғамдық бірлестік ісіне, ал қоғамдық бірлестіктің мемлекет ісіне заңсыз араласуына және қоғамдық бірлестікке мемлекеттік орган функцияларын жүктеуге жол берілмейтіні жазылған», – деді Бақыт Нұрмұханов.

Конституция жобасының азаматтық мәселелеріне арналған 12-бабы да нақтылауды қажет етеді деген ұсыныстар айтылуда. 3-тармаққа Қазақстан Республикасының азаматы қос азаматтыққа немесе көп азаматтыққа ие бола алмайтыны, ал өзге азаматтықтың болуы заңда көрсетілген тәртіп пен шарттарға сәйкес, Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтатуға негіз болатыны туралы норма енгізілмек. Конституция жобасының 18-бабы да нақтыланды. Жаңа редакцияға сәйкес, сот шешімінсіз адамды заңда көзделген мерзімдерден артық ұстауға болмайды.

Ал Премьер-министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева Мемлекет басшысының ел дамуының стратегиялық бағдарына негізделген саяси реформаларының нәтижесінде Қазақстанда әділетті әрі ашық қоғам қалыптасты деуге толық негіз бар екенін жеткізді.

«Азаматтардың Ата Заңның әрбір жолына үңіліп, оның мазмұны мен болашақтағы ықпалын терең пайымдауы – қоғамның саяси мәдениетінің кемелденгенін және азаматтық жауапкершіліктің артқанын айқын аңғартады», – деп атап өтті Аида Балаева.

Үкімет басшысының орынбасары қоғам тарапынан айтылып жатқан ұсыныстардың ешбірі ескерусіз қалмайтынын сөз етті. Әлеуметтік желілерде мемлекет кепілдік беретін білім беру мен денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік міндеттемелер қысқартылады деген жаңсақ пікірлердің таралғанын тілге тиек етіп, жаңа Конституция жобасында Қазақстанның әлеуметтік мемлекет мәртебесі нақты айқындалғанына назар аударды. Қазір мемлекеттік бюджеттің шамамен 40 пайызы әлеуметтік салаға бағытталып отыр.

Мәдениет және ақпарат министрі Конституция жобасының 32 және 33-баптарында азаматтардың ақысыз медициналық көмек пен бастауыш және орта білім алу құқығы сақталғанын ерекше атап өтті. Мысалы, 33-баптағы «бастауыш және орта білім» тіркесін «жалпы орта білім» немесе «орта мектеп» ұғымымен алмастыру қажеттігін жеткізді. Себебі құқықтық тұрғыда білім туралы құжат тек 9 және 11-сыныптардан кейін беріледі.

Сенат жанындағы Инклюзия жөніндегі кеңестің төрағасы Ләззат Қалтаева жаңа Конституция жобасында мүгедектігі бар азаматтардың құқықтары мен мүдделері толық қамтамасыз етілгенін атап өтті. Оның сөзінше, жаңа Конституция жобасы азаматтарды жасына, ауруына, мүгедектігіне немесе басқа заңды негіздерге байланысты әлеуметтік қамтамасыз ету кепілдіктерін қамтиды. Сондай-ақ жаңа Конституция жобасында кез келген дискриминацияға жол бермеу принципі сақталғанына тоқталды. Сондай-ақ Ләззат Қалтаева жаңа Конституция мәтінін инклюзив форматтарға: көру мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін – Брайль қарпімен, интеллектуалдық дамуында қиындықтары бар адамдар үшін – түсінікті тілге аудару қажеттігін атап өтті.

ТАРИХ ПЕН ЖАҢА КЕЗЕҢНІҢ ҮЙЛЕСІМІ

Бұдан кейін Сенат Төрағасының орынбасары Ольга Перепечина Парламент рөлін Құрылтай институты арқылы қайта қарау негізгі шешімдердің бірі екенін атады. Мәселен, Құрылтай екі палатаның ізбасары және жоғары өкілді органның жаңа атауы болып саналады. Бұл оның мемлекеттік билік жүйесіндегі ерекше маңызын, тарихи дәстүрмен байланысын және халық алдындағы жауапкершілігін көрсетеді.

«Жаңа Конституция жобасы өкілетті билікті күшейтуге, азаматтардың сенімін арттыруға және жетілдірілген парламенттік мәдениетті қалыптастыруға бағытталған. Біздің азаматтарымыздың жобаға деген белсенді қызығушылығын ескере отырып, Конституцияны қабылдау мәселесін бүкілхалықтық референдумға шығару ұсынысына қолдау білдіргім келеді», – деді Ольга Перепечина.

Өз кезегінде Мәжіліс депутаты, «Ұлттық волонтерлік желі» ЗТБ жетекшісі Вера Ким Қазақстанда конституциялық деңгейде волонтерлікті ынталандыруды бекіту қажет деген бастама көтерді. Вера Ким Мемлекет басшысының еріктілер қозғалысына тұрақты түрде қолдау көрсететінін еске салды.

Көп өткен жоқ, комиссияның оныншы отырысында Конституциялық Сот төрағасының орынбасары Бақыт Нұрмұханов ұсыныс негізінде Волонтерлік қызмет конституциялық деңгейде бекітілетінін мәлімдеді. «Волонтерлік қызмет туралы» заңды және азаматтардың ақысыз, ерікті көмегінің мұқтаж адамдарға қажеттігін, қоршаған ортаны қорғаудағы маңызын ескере отырып, ұсыныс қолдау тапқан.

Ел азаматтары мен сарапшылардың Конституциялық реформаға қатысты ұсыныстарын талқылаудың белсенді кезеңінен өтіп, енді оны нақты жүзеге асыру жұмыстары басталмақ. Осыны еске салған Мемлекеттік кеңесші Ерлан Карин әлеуметтік желілерде туындап жатқан сұрақтар мен пікірлерге қатысты өз ойын айтты.

«Жаңа Ата Заңның мәтіні жарияланғаннан кейінгі бастапқы үш күнді қарастырсақ, күніне 1 мыңнан астам өтініш жолданса, одан кейін өтініш саны 500-ге дейін төмендеді. Ал кеше 100-ден аса ұсыныс келіп түсті. Бұл не дегенді білдіреді? Яғни, азаматтар жаңа Конституцияға қатысты ұстанымы мен көзқарасын, негізінен, толық қалыптастырды», – деді ол.

Ерлан Карин тоқталып өткен тағы бір мәселе – Комиссияның құрамына қатысты. Ол қолданыстағы Конституцияны үш шетелдік сарапшыны қосқанда, неге тек 12 адам жазғанын, ал жаңа Ата Заңды 130 адамнан тұратын комиссияның әзірлеуінің логикасы мен себептерін түсіндірді.

«Қазір еліміздің жаңа Конституциясын осыдан 30 жыл бұрынғыдай жабық кеңседегі 12 адам емес, әрбір өңірден жиналған, түрлі саланың өкілінен құралған, тікелей эфирде, ашық форматта жұмыс істейтін 130 адамнан тұратын ауқымды комиссия жазып жатыр. Арамызда бірде-бір шетелдік азамат жоқ. Өз Ата Заңымызды, өз құқықтық жүйемізді жасайтын қабілетіміз бар. Яғни, жаңа Ата Заң Қазақстанның мемлекеттілігі, орнықтылығы тұрғысынан, өз мүддесі тұрғысынан әзірленуде. Бізге біреу сырттан келіп ақыл айтып жатқан жоқ. Сол үшін де тағы да қайталап айтамын, бұл – шын мәнінде, халықтық Конституция», – деп сөзін түйіндеді.

ӨЗЕКТІЛІГІ БАР ӨЗГЕРІСТЕР

Комиссияның оныншы отырысында Конституция жобасынан Құрылтайдың комитеттері мен комиссияларын құруға қатысты тармақ алынып тасталатыны мәлім болды.

«Кей өзгерістер Құрылтайдың қызметін ұйымдастыру мәселелеріне қатысты. Жобаның 59-бабының 3-тармағын алып тастау ұсынылады. Аталған тармаққа сәйкес, «комитеттер мен комиссияларды құру тәртібі, олардың өкілеттігі және қызметін ұйымдастыру заңда айқындалады» деп бекітілген еді. Қазір жоғары өкілді органның комитеттері мен комиссияларының қызметіне қатысты мәселелер «Қазақстан Республикасы Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» конституциялық заңмен, «Қазақстан Республикасы Парламенті комитеттері мен комиссиялары туралы» заңмен, Парламент және оның палаталарының регламенттерімен реттеледі. Бұл түзету аталған мәселелерді құқықтық реттеу деңгейін көтеріп, контитуциялық заң аясында қамтуға мүмкіндік береді», – деді Конституциялық Сот төрағасының орынбасары Бақыт Нұрмұханов.

Сондай-ақ Конституция жобасының мемлекеттік және орыс тіліндегі мәтінін жетілдіру үздіксіз жүріп жатқаны айтылды. Жұмыс топтары құқықтық нормалардың тұжырымдарын оңтайландыру және олардың мазмұнын баршаға түсінікті ету мақсатында қажетті шаралар қабылдап жатқан көрінеді. Терминдік және семантикалық бірізділік қамтамасыз етілуге тиіс. Үкімет, Парламент, Президент Әкімшілігі бөлімдерінің мамандары, Коституциялық комиссияның редакциялық-терминологиялық жұмыс тобы, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы, жаңа Ата Заң мәтіні жобасына жұмылдырылған лингвист мамандар тарапынан берілген ұсыныстардың негізінде редакциялық, стилистикалық түзетулер жүргізілген.

Бақыт Нұрмұхановтың сөзінше, мұндай түзетулер бірнеше нормаға енгізілмек. Мысалы, Преамбулада «Ұлы даланың мыңжылдық сабақтастығын сақтап» деген сөздер «Ұлы даланың мыңдаған жылдық сабақтастығын сақтап» деп өзгертілген. Мәтін бойынша «неприкосновенность» термині сан рет кездеседі. Қазақ тілінде ол «қол сұқпау», «қолсұғылмаушылық» деп алынып отыр екен.

Ең басты өзгерістердің бірі – Констиция жобасынының тілге қатысты 9-бабында «тең» сөзі «қатар» деп өзгертілді. Конституциялық Сот төрағасының орынбасарының айтуынша, бұдан бөлек, 50 және 51-баптарда «өтініш» деген сөздер «мәлімдеме» деп алынды. Қазақ тіліндегі сөйлем құрау ерекшеліктерін ескере отырып, орыс тіліндегі «является» деген сөз сызықшамен ауыстырылған. Осылайша, қазақ тілінде «болып табылады» деген сөздер алынып тасталады. Мұндай өзгеріс бірнеше бапты қамтып отыр.

Осы тұста Конституциялық Сот төрағасы Эльвира Әзімова Ата Заңның жаңа жобасына қатысты азаматтардан келген өтініштер саны 5 мыңға жуықтағанын жария етті. Оның айтуынша, жаңа Конституция жобасы азаматтардың басым бөлігі тарапынан жоғары бағаланып, қолдауға ие болды.

– Ұсынылған өзгерістер қоғамның айқын сұранысын және жүргізіліп жатқан реформаларға берілген сенімді айқындайды. Біздің міндетіміз – осы ашық диалогты сақтау, шешімдердің салмақты болуын қамтамасыз ету және мемлекет мүддесін ұзақ мерзімде қызмет ететін, азаматтарға сенімді құқықтық негіз болатын Ата Заңды қалыптастыру, – деді Э.Әзімова.

Жиын барысында бірқатар сарапшы ойын айтты. Соның бірі – саясаттанушы Марат Шибұтов Ата Заңның жаңа жобасын референдумға шығаруға деп есептейтінін жеткізді. Сарапшы болашақ бірпалаталы Парламент – Құрылтайды тарату мүмкіндігіне қатысты конституциялық норманы егжей-тегжейлі тұжырымдауды ұсынды. Оның айтуынша, Құрылтай тек заң шығару органы ғана емес, сонымен қатар жоғары лауазымды тұлғаларды тағайындауды келісуге құқылы. Бұл тізімге Вице-президент, Премьер-министр, Конституциялық Соттың 10 судьясы, Орталық сайлау комиссиясының 6 мүшесі және Жоғары аудиторлық палатаның 8 мүшесі кіреді. Яғни, қазіргі жүйеге қарағанда, бұл құқықтар айтарлықтай кеңейтілген. Саясаттанушы жаңа жобадағы «таратады» деген сөз саяси жүйеде қатал үдерісті білдіретінін, сол себепті оны алып тастап, келісімге келу мүмкіндігін қалдыру үшін «таратуға құқылы» деген тұжырымды қолдануды ұсынды.

Оныншы басқосудың соңына қарай Конституциялық Сот төрағасы Эльвира Әзімова талқылаулар алдағы күндері де жалғасатынын айтты.

ДИАЛОГ АЛАҢЫНДА – ЖАС КӨШБАСШЫЛАР

«AMANAT» партиясының BIR TOLQYNDA диалог алаңының «Конституциялық реформалар және жастар диалогы» тақырыбындағы отырысы өтті. Жиын барысында жаңа Конституция жобасы талқыланып, еліміздегі ауқымды реформаның мәні мен маңызына назар аударылды.

Іргелі іс-шараға Мәжіліс депутаттары, партия қызметкерлері, еліміздің 20 өңірінен келген «Жастар Рухы» жастар қанатының төрағалары, Астана қаласының белсенді жастары мен студенттері қатысты.

Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Асхат Аймағамбетов жаңа Конституция жобасының ең маңызды тұстарына арнайы тоқталып, нақты міндеттемелерге назар аударды.

«Білім, ғылым және инновацияны қолдау бойынша жаңа әрі нақты міндеттеме енгізіліп отыр. Адами капиталды дамыту ең басты орынға шықты. Бұл маңызды ұстаным қабылданса, Қаржы министрлігінің ғылым мен білімге бюджетті қысқарту туралы кез келген уәжі енді жай ғана мемлекеттік бағдарламаға қарсы емес, тікелей Конституцияға қарсы шыққан болып табылады», – деді Асхат Аймағамбетов.

Халық қалаулысы жоғарыда аталған барлық қағиданы біріктіретін бір үлкен ортақ идея бар екеніне, ол – Әділетті Қазақстан және заң мен тәртіп қағидаты екеніне тоқталды «Әділеттілік болмаса, тұрақты дамыған қоғам болмайды. Заң мен тәртіпсіз әділеттілік орнамайды», – деп түйіндеді депутат.

Өз кезегінде, «AMANAT» партиясы Қоғамдық саясат институтының директоры, Конституциялық реформа жөніндегі комиссия мүшесі Мадина Нұрғалиева жаңа Конституция жобасының маңызды тұстарына мән берді.

«Жаңа Конституция жобасында адами капиталға және азаматтардың жетістіктеріне ерекше назар аударылып отыр. Бұған қоса, білім мен ғылым, мәдениет пен инновацияға баса мән беріліп, жаңа құжаттың басты идеясы ретінде айқындалуда. Сондай-ақ цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектінің дамуы жағдайында дербес деректерді, азаматтардың құқығын қорғау бағытында атқарылып жақтан ауқымды жұмыс күшейтіледі. Жаңа стартаптарды қолға алып, инновацияларды енгізуге, креативті шешімдер ойлап табуға да мән берілуде», – деді Мадина Нұрғалиева.

Осы орайда, танымал тележүргізуші, ORDA FM радиосының директоры Айкерім Есенәлі елімізде заңмен негізделген тұрақтылыққа қадам жасалып жатқанын атап өтті.

«Мемлекетіміздің айналасындағы геосаяси құбылыстарды, әлемдегі жалпы ахуалды, жаһандану кезеңінде адамдардың идеологиялық бірізділігі жоғалғанын, бәсекелестіктің артып тұрғанын ескеретін болсақ, жаңа Конституция жобасын әзірлей отырып, біз қазір заңмен негізделген тұрақтылыққа қадам жасап жатырмыз. Бұл – үлкен саяси трансформация. Экономикалық, ғылыми және әлеуметтік тұрақтылыққа осы жаңа Конституция жобасы негіз болатыны анық. Сондықтан жаңа құжатты жан-жақты талқылап, ой елегінен өткізу – аса маңызды», – деді Айкерім Есенәлі.

Бұл ретте, «Жастар Рухы» жастар қанатының төрағасы Ақерке Искандерованың айтуынша, осындай форматтағы талқылау жұмысы ел аумағында белсенді жүргізілуде.

«Жаңа реформалар мемлекеттің саяси архитектурасын жаңартуға, билік институттарының тиімділігін арттыруға, сондай-ақ мемлекет пен қоғам арасындағы өзара сенім мен жауапкершілікті күшейтуге бағытталған. Жақында ғана Қарағандыда, Павлодарда өткізілген диалог алаңдарында жаңа Конституция жобасы, оған енгізілетін өзгерістер және аймақтағы күн тәртібіндегі өзекті тақырыптар талқыланды. «Жастар Рухы» үшін елде және қоғамда болып жатқан өзгерістерге жастардың белсенді араласуы, өз көзқарасын еркін білдіруі – негізгі басымдықтардың бірі», – деді Ақерке Искандерова.

Сондай-ақ басқосу барысында «AMANAT» партиясының Хатшысы Александр Данилов және жиынға қатысушылар жастармен ашық пікір алмасып, конституциялық реформалардың маңызы жөнінде ой бөлісті. Диалог алаңында жастар қауымын толғандырған сұрағын жолдап, толыққанды жауап алды.

Іс-шара қорытындысында қатысушылар жаңа Конституция жобасын қоғамда кеңінен талқылаудың және жастар арасында түсіндіру жұмысын жалғастырудың маңызын атап өтті.

ТҰРҒЫН ҮЙДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ ЖАҢАРАДЫ

«AMANAT» партиясы «Тұрғындар аманаты» жобасын жүзеге асыру аясында тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымын жаңғырту және көппәтерлі тұрғын үйді басқару жүйесін жетілдіру бойынша жүйелі жұмыс жүргізуде. Мәселен, Астана қаласында партияның Орталық аппараты мен аймақтық филиалдары өкілдерінің, Мәжіліс депутаттарының, өңір әкімдері орынбасарларының қатысуымен «Тұрғындар аманаты» жобасын дамыту мәселесіне арналған жиын өтті.

Іс-шараны ашқан «AMANAT» партиясының Хатшысы Ержан Жылқыбаев тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мәселесі партияның сайлауалды бағдарламасында негізгі басымдықтардың бірі ретінде айқындалғанын атап өтті. Оның айтуынша, бүгінде бұл міндет кезең-кезеңімен жүзеге асырылып келеді: инженерлік желілер жаңартылуда, көппәтерлі үйлерді басқару жүйесі жетілдірілуде, ТКШ саласындағы ашықтық деңгейі артуда. Қабылданған шаралар жылу беру маусымына дайындықты қамтамасыз етіп, коммуналдық инфрақұрылымның тозуын біртіндеп төмендетуге мүмкіндік берді.

Сондай-ақ ол Мәжіліс пен мәслихаттардағы «AMANAT» партиясы фракциясы тұрғын үй қатынастары саласындағы заңнаманы жетілдіру бойынша ауқымды жұмыс жүргізгенін атап өтті.

«Нәтижесінде, «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Құжатта тұрғын үйлерді басқарудың екі форматы айқындалып, міндетті төлемдердің үш түрі және басқарушылардың кәсіби біліктілігіне қойылатын талаптар бекітілді. Осы мәселелер «Тұрғындар аманаты» жобасы аясында жергілікті атқарушы органдармен және тұрғындармен бірлесіп, жүйелі түрде одан әрі пысықталуға тиіс», – деді Ержан Жылқыбаев.

Мәжіліс Төрағасының орынбасары Альберт Рау «Тұрғындар аманаты» жобасы ел азаматтарының жартысынан астамының мүддесін қамтитынын атап өтті. Урбанизация деңгейінің жоғары болуына байланысты, көппәтерлі үйдің тұрғындары күн сайын басқару сапасы, баспананы күтіп-ұстау және қаржы шығындарының ашықтығы мәселелеріне тап болуда.

«Тұрғын үй қатынастары туралы» заңның негізгі мәні – көппәтерлі тұрғын үйді күтіп-ұстауға қатысты барлық негізгі шешім, мейлі ол ПИК, МИБ, басқарушы компания немесе өзге де форма болсын, тұрғындардың өз құзырында қалуы. Заң нормалары басқару формасын таңдау, тарифтерді белгілеу, үйді күтіп-ұстау тәсілдерін айқындау, қаражаттың жұмсалуы туралы толық әрі анық ақпарат алу, сондай-ақ басқару органдарының заңды жұмыс істеуін бекітеді. Сонымен қатар партия МИБ пен ПИК төрағалары және белсенді тұрғындармен жүйелі жұмысты жолға қойып, олармен тікелей ынтымақтастық орнату арқылы белсенді рөл атқаруға тиіс», – деді Альберт Рау.

Мәжіліс депутаты Екатерина Смышляева «Тұрғындар аманаты» жобасының аудиториясы көпшілік сипатқа ие екенін атап өтті.

«Тұрғын үй-коммуналдық сала – күрделі, жағымсыз әрі көбіне қақтығысқа толы тақырып. Дегенмен сайлау процесінің жақындауына байланысты, осы саланы көп партия өз қолына алғысы келеді. Қандай форматта болсын, кез келген байланыс – бұл өзара іс-қимыл арнасының орнауы. Сол арқылы біз қолдау көрсетіп, көмектесіп, белгілі бір деңгейде байланыс орната аламыз», – деді депутат.

Іс-шара қорытындысында Партия хатшысы Ержан Жылқыбаев талқылау нәтижесін түйіндеді. Ол Мемлекет басшысының қатысуымен өткен ауыл әкімдері форумын ұйымдастырудың оң тәжірибесін еске салып, осындай тәсіл «Тұрғындар аманаты» жобасы аясында да қолданылатынын мәлімдеді. Өңірлерде ұйымдастырылатын форумдар міндетті түрде әкімдердің қатысуымен, бірыңғай форматта және «Тұрғын үйді басқару: жауапкершілік, сенім, нәтиже» ортақ тақырыбы аясында өткізіледі.

Сондай-ақ ол өңірлік филиалдардың алдағы уақытта атқаратын жұмысының негізгі бағыттарын айқындап берді. Олардың қатарында МИБ мен ПИК белсенділерін халықтың қатысуымен жүзеге асырылатын бюджетке тарту, ортақ мүлікті күрделі жөндеуден өткізу жұмысын ұйымдастыруға атсалысу, оқыту семинарлары мен тренингтер өткізу, МИБ және ПИК базасында бастауыш партия ұйымдарын құру, кадрлық резерв қалыптастыру, сондай-ақ партия филиалдары жанынан «Тұрғындар аманаты» жобасының фронт-офистерін ашу қадамдары бар.

Ержан Жылқыбаевтың айтуынша, Астанада басталған бұл жұмыс еліміздің барлық өңіріне, әсіресе ірі қалаларға кеңінен таралуға тиіс. Ол аталған жоба аясындағы іс-шараларға әкімдердің жеке қатысуының маңызын атап өтіп, жүзеге асыру нәтижелері партияның тұрақты бақылауында болатынын жеткізді.

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ИГІЛІГІ

Астанада «AMANAT» партиясы жанындағы Мүгедектігі бар адамдардың инклюзиясы жөніндегі Республикалық кеңес отырысы өтті. Жиын барысында ерекше білім беруді қажет ететін балаларды және мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу нысандарымен қамту, сондай-ақ оқу бағдарламалары мен жұмыс жоспарларын бейімдеу мәселелері және техникалық, кәсіптік білім беру жүйесінде инклюзивті білім беруді дамыту шаралары талқыланды.

Іс-шараға Мәжіліс депутаттары, орталық мемлекеттік органдардың өкілдері, партия қызметкерлері және бейнеконференц-байланыс режимі арқылы өңірлердегі басқарма басшылары қатысты.

Сөз басында «AMANAT» партиясының Хатшысы Шолпан Каринова елімізде жаңа Конституция жобасы әзірленгенін және осы жұмыс ашық әрі жария түрде жүргізілгенін атап өтті.

«Өздеріңіз білетіндей, еліміздің барлық өңірінен мыңдаған ұсыныс келіп түсті. Мұндай белсенді талқылаудың себебі де түсінікті. Өйткені Конституция – бүкіл ел өмір сүретін негізгі ережелер жиынтығы. Бүгін әрбір азаматтың Қазақстанның болашағына өз үлесін қосуға белсенді азаматтық ұстанымын ұсыныстар мен саналы қатысу арқылы білдіруге толық мүмкіндік бар. Ата Заң жобасы қоғамда жүзеге асырылып жатқан жүйелі саяси және экономикалық өзгерістерді көрсетіп, ел дамуының жаңа бағдарын, оның ішінде білім, ғылым, инновациялар саласындағы басымдықтарды айқындап, адами капиталды дамытуды ең басты орынға қойған басты құжат саналады», – деді партия Хатшысы.

Өз кезегінде, Мәжіліс депутаты, Кеңес төрағасының орынбасары Ерлан Абдиев жаңа Конституция жобасы – болашаққа бағытталған, прогрессивті құжат екенін атап өтіп, оның іргетасында адамға бағдарланған ұстаным жатқанын мәлімдеді. Оның айтуынша, бұл қоғамда инклюзивті ортаны дамытуда, соның ішінде Қазақстанның білім беру жүйесін ілгерілетуде ерекше маңызды.

«Бүгінде ұлттық деңгейде «Мүмкіндігі шектеулі балаларды (тұлғаларды) кешенді қолдау туралы» жаңа заң жобасы әзірленіп жатыр. Ол – осыған дейін атқарылған жұмыстың жүйелі жалғасы. Құжат Мемлекет басшысының Ұлттық құрылтайдың IV отырысында берген тапсырмасы, сондай-ақ Мәжіліс пен Сенат депутаттарының бастамасы негізінде дайындалды. Бүгінде Мәжіліс қабырғасында талқыланып жатқан бұл заң жобасы балалардың медицинаға, білімге және әлеуметтік қызметтерге үздіксіз қолжетімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл балалардың сапалы білім алуымен қатар, қоғамда табысты әлеуметтенуі үшін де аса маңызды», – деді Ерлан Абдиев.

Бұл ретте, Оқу-ағарту бірінші вице-министрі Майра Мелдебекова ерекше білім беруді қажет ететін балалардың тең құқығын қамтамасыз ету мақсатында оларға сапалы білім беру және қолжетімді орта құру негізгі міндеттердің бірі екенін атап өтті.

«Елімізде ерекше білім беру қажеттілігі бар 237 мың бала өсіп келеді. Оның ішінде, мектепке дейінгі жаста – 71 мың, мектеп жасында – 166 мың. Мүмкіндігі шектеулі балалардың басым көпшілігі – психикалық дамуы тежелген балалар. Олардың үлесі – 34,3% болса, сөйлеу тілінің бұзылысы бар балалар 32%-ды құрайды. Бүгінде инклюзивті білім беру жағдайында балабақшаларда – 49 200, мектептерде – 138 700, колледждерде 5 400 бала білім алуда. Әр баланың білім алу қажеттілігі психологиялық медициналық педагогикалық консультацияларда (ПМПК) бағаланады. Ол үшін елімізде 124 ПМПК қызмет етеді. 2026 жылы тағы 8 сегіз ПМПК ашу жоспарлануда», – деді вице-министр.

Сондай-ақ жиын барысында Қарағанды, Ақмола облыстарындағы және Шымкент қаласындағы білім басқармасының басшылары баяндама жасады.

Іс-шараны қорытындылай келе, «AMANAT» партиясының Хатшысы Шолпан Каринова алдағы уақытта қабылданатын барлық шешім мен шараның өзегінде балалар тұруға тиіс екенін атап өтті. Ал түпкі мақсат – нағыз инклюзивті орта құру. Оқу жылы аяқталар тұста болашақ түлектер өз кәсіби бағыт-бағдарын таңдап, білім алатын оқу орнын таңдай алатынына көз жеткізу маңызды. Оның ішінде, нысаналы мемлекеттік тапсырыс шеңберінде оқуға түсу мүмкіндігі бар. Бұл келешекте ерекше қажеттілігі бар түлектерді жұмыспен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

«Санитарлық және құрылыс нормалары да назардан тыс қалмауға тиіс. ПМПК-ға, оңалту кабинеттеріне және ресурстық орталықтарға қатысты тиісті құрылыс нормалары қажет. Осы мәселе әлі де толық шешімін таппай отыр. Сондықтан бүгін жиын барысында көтерілген барлық мәселені алдағы уақытта да жіті назарда ұстаймыз», – деп түйіндеді Шолпан Каринова.

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ШАҒЫМЫ ТЫҢДАЛДЫ

«AMANAT» партиясы Шымкент қалалық филиалының қоғамдық қабылдау бөлмесінде мәслихат депутаты, партия фракциясының мүшесі Лазиз Сулайманов «Құқықтық көмек» партиялық жобасы аясында қала тұрғындарын жеке мәселелері бойынша қабылдады. Қабылдау барысында азаматтардың арыз-шағымдары тыңдалып, көтерілген түйткілдерге заң аясында түсіндірме берілді.

Кездесуге келген тұрғындар коммуналдық қызметтерге қатысты түйткілдер, алаяқтық деректері, жер телімін рәсімдеу және баспана мәселелерін көтерді. Әрбір өтініш иесінің жағдайымен депутат жеке танысып, мүмкіндігінше жедел шешу жолдарын қарастырды.

Атап айтқанда, Ақтас мөлтек ауданының тұрғыны коммуналдық қызмет төлемдеріне байланысты екі бірдей есепшот ашылып кеткенін айтып, көмек сұрады. Бұл мәселе бойынша депутат тиісті мекемемен байланысқа шығып, жағдайды анықтап, мәселені реттеу жолдарын қарастыруға ықпал етті.

Ал Абай ауданының тұрғыны жер учаскесін ұзақ уақыт бойы рәсімдей алмай жүргенін жеткізді. Депутат өтініш иесінің құжаттарын қарап шығып, алдағы уақытта арнайы Жер комиссиясының қабылдауына жазылуға кеңес берді. Онда сала мамандарының қатысуымен мәселені шешудің нақты тетіктері қарастырылатыны айтылды.

Жалпы қабылдау барысында бірқатар мәселе сол мезетте оң шешімін тапса, қосымша зерделеуді қажет ететін өтініштер бақылауға алынды. Мұндай қабылдаулар алдағы уақытта да жалғасып, тұрғындардың құқықтық мәселелерін шешуге бағытталатын болады.

Бетті дайындаған Елнар ЕЛТАЙ

НАРЫҚ

10 АҚПАН 2026 | СЕЙСЕНБІ

СЕРГЕК БОЛАМЫН ДЕП САУЛЫҚТАН АЙЫРЫЛМАЙЫҚ

(Басы 1-бетте)

Айхан ШӘРІП

Содан тым-тырыс, үн-түнсіз отырған Үкіметке және құзырлы органдарға «аманаттық» қалаулылар қозғау салды. Экс-Мәжіліс депутаты Елнұр Бейсенбаевтың айтуынша, бұл сусындар бүгінде спирттен де қауіпті сипат алды.

«Энергетиктер алкогольден де қатерлі. Қазір тіпті он жастағы бала да оны еміне-ркін сатып ала алады. Мемлекет басшысының ұрпақ денсаулығын қорғау жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатында энергетикалық сусындарды 21 жасқа дейінгілерге сатуға тыйым салынып еді», – деді депутат Мәжіліс отырысында.

Заң қабылданды, бірақ оның лайықты орындалмауы депутаттарды Үкіметке қайта жүгінуге мәжбүр етті. Елнұр Бейсенбаев энергетиктерді атауын өзгертіп, мазмұнын сол күйі қалдырып, балаларға әрі қарай сату үрдісінің белең алғанына назар аудартты. Мәжіліс депутаттарының Үкіметке жолдаған хатында мәселе ашық айтылды.

– Біздің еліміз үшін жас ұрпақтың денсаулығын жоғалту – ұлттың құруымен бірдей! Заңды орындауды созбалаңға, сөзбұйдаға салу қоғамның жауапты органдарға деген сеніміне селкеу түсіреді және халықтың денсаулығын қорғау саясатының тиімділігіне шәк келтіреді. Сонымен қатар бақылаудың нақты тетігінің жоғы мемлекеттің қоғамда «бұзушылықтарға нөлдік төзімділік» мәдениетін қалыптастыру бағытындағы күш-жігерін жоққа шығарады, – делінген Елнұр Бейсенбаев бастаған Мәжіліс депутаттарының Үкіметке хатында.

Сондықтан былтыр ел Парламенті бұл тыйым тетігін «тірілтуге» бағытталған жаңа заң қабылдады. «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» жаңа заңға Мемлекет басшысы 2025 жылғы 17 қарашада қол қойды. Құжат өтпелі кезең түгесілген соң енді ғана қолданысқа енгізіліп отыр.

АЙЫППҰЛ БАР, ӘРЕКЕТ КЕРЕК

Құқық қорғау органдары жаңа заңдағы талаптардың лайықты орындалуына бақылау жүргізіп жатыр. Бұған «құпия сатып алушы» тәсілін қолдану кіреді. Касса үстіндегі видеокамералардың жазбалары да іріктелген түрде тексеруге ілігуге тиіс.

Биыл өмірге жолдама алған жаңа заң қолданыстағы «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодекстің 199 және 423-1-баптарына түзетулер енгізді. Оған сәйкес, 2026 жылдан бастап энергетикалық сусындарды сату туралы заңнама талаптарын бұзғаны және 21 жасқа толмағандарға энергетикалық сусындарды сатқаны үшін айыппұл төлеу түріндегі жаңа жаза қолданылады. Атап айтқанда, 199-бап негізінде энергетиктерді сату талаптарын бұзу үшін жеке тұлғаларға – 15 АЕК (2026 жылы 64 875 теңге), шағын кәсіпкерлерге – 30 АЕК (129 750 теңге), орта бизнес нысандарына – 50 АЕК (216 250 теңге), ірі кәсіпкерлерге 70 АЕК (302 750 теңге) айыппұл салынады.

Осы бұзушылықты бір жыл ішінде қайталап жасайтын болса, жеке тұлғаларға – 20 АЕК (86 500 теңге), шағын кәсіпкерлерге – 50 АЕК (216 250 теңге), орта кәсіпкерлерге – 100 АЕК (432 500 теңге), ірі кәсіпкерлерге – 120 АЕК (519 000 теңге) айыппұл салынбақ. Мұның сыртында, 21 жасқа толмағандарға энергетикалық сусындарды сатқаны үшін жеке тұлғалар – 30 АЕК, шағын кәсіпкер – 50 АЕК, орта кәсіпкер – 80 АЕК, ірі кәсіпкер 200 АЕК айыппұл арқалайды. Бұзушылығын қайталай берсе, төлейтін айыппұлының көлемі екі есеге өседі.

ТЫЙЫМ БАР, ТҰТЫНУ АЗАЙДЫ МА?

Энергетикалық сусындар нарығы әлемде қарқынды өсіп келеді. Fact. MR порталының дерегінше, 2020-2025 жылдар аралығында нарық көлемі 63,2 миллиардтан 87,8 млрд долларға дейін ұлғайған. Онжылдықта бұл көрсеткіш шамамен 170 млрд долларға дейін жетуі мүмкін. Сонымен бірге қауіп те ұлғайып отыр. Денсаулық сақтау министрлігі кофеин мен қантқа бай сусындар қант диабеті, семіздік, психикалық ауытқулар және жүрек-қан тамырлары ауруларына соқтыратынын ескертті.

Көптеген ел бұл сусынсымақты тек балалар мен жасөспірімдерге ғана сатуға тыйым салу жолын таңдады. Бұл ретте Қазақстан ең қатаң түрін – 21-ге дейінгі жастарды тегіс қамтыған шектеуді таңдаған санаулы, саналы елдердің қатарына қосылды.

Денсаулық сақтау, Сауда министрліктері бұл сусын түрін тұтынуға қатысты жеке статистика жоғын хабарлады. Ұлттық статистика бюросы берген мәліметке жүгінсек, Қазақстанда 2025 жылдың қорытындысында барлық сусын өндірісі, соның ішінде энергосусындар 9,7%-ға артқан. Сауда орындары бұл сусындарды сатудан 2020 жылы бір айда орта есеппен 40,1 миллиард теңге табыс тапса, 2025 жылғы желтоқсандағы (бір ай ішіндегі) табысы 208,5 миллиард теңгеге жеткен. Бұл – ел тарихындағы рекорд. Денсаумині бұл салада тыйым енгізілгенге дейін зерттеу жүргізді.

«Қазақстанда энергетикалық сусындарды тұтынудың таралуы жыл сайын артып келеді. 11-15 жас аралығындағы жасөспірімдердің шамамен 45%-ы энергетиктерді қолданып көрген. Кейіннен олардың көпшілігінде бұл тәуелділікке әкелді. Оқушылардың 12%-ы күн сайын немесе аптасына бірнеше рет энергетик тұтынады және олардың саны барған сайын өсіп келеді», – делінген министрліктің мәліметінде.

Қазақстанда энергетикалық сусындарды тұтыну деңгейін коммерциялық зерттеулер де көрсетеді. K Research Central Asia маркетингтік деректерінде жазылғандай, 2025 жылы ірі қалалар тұрғындарының 27%-ы энергетикалық сусын ішкен. Олардың 72%-ы аптасына кемінде бір рет тұтынады.

Ең белсенді тұтынушылар – 15 пен 34 жас аралығындағы жастар. Зерттеу авторлары қазақстандықтардың нақты бір брендке берілмегенін, түрлі энергетикті, нарыққа жаңа шыққан өнімдерін сынап, дәм татып көретінін тілге тиек етті. Сонымен қатар өндірушілердің жарнамаға жұмсайтын қаржысы соңғы төрт жылда 8%-ға артқан.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының «Қазақстандағы балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын және әл-ауқатын қалыптастыратын факторлар» атты зерттеуінде осы салаға қатысты дерек бар. Жаһандық ұйымның тапсырысымен HBSC мұндай зерттеулерді әр 4 жыл сайын жүргізеді. Оған сәйкес, қазіргі қазақстандық жас ұрпақ арасында 11-15 жас аралығындағы әрбір бесінші жасөспірім немесе 20,5%-ы энергетикалық сусындарды апта сайын ішеді. Бұл ретте энергетикалық сусындарды аптасына бір реттен 5-6 ретке дейін ішетін балалардың үлесі 17,5%-ды құрайды. Оның ішінде ұл балалардың (19,1%) үлесі қыз балаларға (15,8%) қарағанда жоғары.

Елдар ҚАБА (коллаж)

АҒА ҰРПАҚТЫҢ ҚАТЕЛІГІ НЕДЕ?

Сөйтіп, құрдымға жетелеген «жалған қуат» ұрпақтың бір бөлігінің қасіретіне айнала бастағандай. Психолог Елена Мартынова жасөспірімдердің бұл сусынға қызығуының бірнеше себебін атады. Қазір әсіресе балалардың талғамы мен танымы блогерлер мен ММА жұлдыздарының соңынан еруге бейім. Өкінішке қарай, экрандағы кейбір кумирлері энергетикалық сусындарды жарнамалап, жас сананы улаудың жанама қатысушыларына айналды. Жасөспірімдердің пайымында бұл зиянды сұйықтықты жұрт көзінше ішу – ересек болып көрінудің нышаны, өзін өзгелерден жоғары әрі мықты көрсетудің амалы деп саналады екен.

– Бұл әлеуметтік дерттің түп-тамыры тек сыртқы еліктеуде жатқан жоқ, отбасылық тәрбиенің де кейбір олқылықтарынан бастау алады. Көп жағдайда ата-аналардың өздері байқаусызда балаларын осы тығырыққа итермелейді. Баланы бір мезетте сан түрлі үйірмеге, спорт секцияларына, жаттықтыру-репетицияларға жазып, оның иығына көтере алмас ауыр жүк артады. Әке-шешесінің алдындағы жауапкершілікті сезінген, олардың үкілі сенімін ақтауға тырысқан жас жеткіншек бойынан күш-қуат таппаған соң амалсыз жасанды сергектік сыйлайтын «уға» жүгінуі де мүмкін, – деді психолог.

Оның пікірінше, бұл тұста ата-аналар перзентінің физикалық және психикалық мүмкіндігін жіті қадағалауға тиіс. Егер баланың қабілетіне шектен тыс күш түсіп жатса, өмірде аса маңыздылығы жоқ дүниелерді құрбан етіп, баланың иығынан оның ауыр жүгін алып тастағаны абзал.

Маман тәжірибесінен бір мысал келтірді. «Ерлан деген бала бір мезгілде брейкинг (бұрынғыша – брейк-данс) пен киокушинкайға қатысады екен. Шамадан тыс шаршап, қуатын тауысқан соң амалсыз энергетикалық сусындарды серік еткен. Оның соңы орны толмас өкінішке әкеле жаздады: бірде, кезекті «b-boys батл» кезінде қатты жаңылысып, қайда тұрғанын, не істеп жатқанын ұмытқан ол би алаңындағы қарсыласына каратэнің қатал тәсілін қолданып жіберген. Бәсекелесін ауруханаға түсірген. Мұны естіп, есінен тана жаздаған ата-анасы «мұның есі ауысты!» деп шошынып, оны маған сүйреп әкелді. Ерлан менің алдымда еңіреп жылады», – дейді сарапшы.

Бұл жай ғана оқиға емес, бұл – ересектерге, аға ұрпаққа бағытталған жас ұрпақтың жанайқайы. Бір ғана тыйым-шектеулермен іс бітпейді. Ұрпақты шынайы қамқорлықпен, ақылды сабырмен, жан-жақты әрі дәйекті түсініктемемен тәрбиелеген абзал.

Қорыта айтқанда, сергек боламын деп саулықтан айырылып жүргендер жетерлік. Бұл нәубеттен ең құрығанда жас ұрпақты аман сақтап қалу үшін жауапты органдар жаңа заңның қалтқысыз орындалуын қамтамасыз етуге тиіс. Заң қабылданды, жазасы бекітілді, айыппұл белгіленді. Енді ең бастысы – бақылау мен жауапкершілік. Заң бар жерде – талап болуы керек. Талап бар жерде әрекет қажет.

АЗАМАТТЫҚ ШАРТ ЗАҢДЫ «АЙНАЛЫП» ӨТУДІҢ АМАЛЫ ЕМЕС

2026 жылдан бастап Қазақстанда азаматтық-құқықтық жұмыс істеу мүмкіндігі сақталғанымен, бұл форматты қолдану ережелері түбегейлі қатаңдайды. Ұзақ жылдар бойы жұмыс берушілер еңбек қатынастарын айналып өту үшін осы келісім түрін пайдаланып келген болатын. Енді мемлекет заңнамадағы осы негізгі «саңылауды» жабуды көздеп отыр. Әңгіме штаттағы тұрақты жұмысты «қызмет көрсету немесе жұмыс орындау туралы» шарт ретінде рәсімдеп, жұмыс берушінің әлеуметтік міндеттемелерден жалтаруы жайында болып отыр. Министрлік ұсынып отырған өзгерістердің мәні бір қарағанда техникалық норма секілді көрінгенімен, іс жүзінде ол еңбек нарығындағы миллиондаған адамның мәртебесіне, әлеуметтік қорғалуына және табыс тұрақтылығына тікелей әсер етеді.

Кәмила ДҮЙСЕН

Қазіргі тәжірибеде азаматтық-құқықтық шарттар көбіне өзінің негізгі мақсатына сай емес. Қағаз жүзінде адам белгілі бір қызметті орындаушы немесе мердігер болып көрінгенімен, іс жүзінде ол күн сайын жұмыс орнына келеді, нақты жұмыс уақытына бағынады, тікелей басшысының тапсырмаларын орындайды және ай сайын тұрақты ақы алады. Яғни, еңбек қатынастарының барлық негізгі белгілері бар, тек бір айырмашылық – еңбек шарты жасалмаған. Бұл әсіресе құрылыс, қызмет көрсету, сауда, логистика сияқты салаларда кең таралған. Министрліктің өз түсіндірмесінде атап өткендей, мұндай рәсім жұмыс берушіге әлеуметтік төлемдерден, зейнетақы жарналарынан, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандырудан, өндірістік жарақат үшін жауапкершіліктен жалтаруға мүмкіндік береді. Ал тәуекелдің барлығы қызметкердің өзіне жүктеледі.

Осыны ескере отырып, мемлекет Еңбек кодексіне түбегейлі маңызды қағиданы тікелей бекітуді ұсынып отыр: егер жеке тұлғамен жасалған шартта еңбек қатынастарының кемінде бір белгісі болса, мұндай шарт атауына қарамастан автоматты түрде еңбек шарты болып саналады. Яғни, «қызмет көрсету туралы шарт», «мердігерлік келісім» деп қалай аталғанына қарамастан, оның мазмұны шешуші рөл атқарады. Бұл жағдайда жұмыс берушіге еңбек заңнамасында көзделген барлық міндет жүктеледі – әлеуметтік аударымдар, еңбек қауіпсіздігі, демалыс, еңбекке уақытша жарамсыздық бойынша төлемдер және өзге де кепілдіктер.

Министрлік нақтылап көрсеткен еңбек қатынастарының негізгі белгілеріне бірнеше жайт кіреді. Біріншіден, адамның нақты бір мамандық немесе лауазым бойынша жұмыс істеуі. Екіншіден, жұмысты жеке өзі орындап, ұйымның ішкі еңбек тәртібіне бағынуы, яғни белгіленген график, басшылыққа есеп беру, ішкі ережелерді сақтау. Үшіншіден, төлемнің нәтиже үшін емес, еңбектің өзі үшін, яғни процесс үшін төленуі. Осы үш белгінің біреуі ғана анықталса да, шарт азаматтық-құқықтық емес, еңбек шарты ретінде қайта қаралады. Бұл норма қабылданса, жұмыс берушілер үшін бұрынғыдай «қағаз жүзінде» қызмет көрсету шартын жасай салу жеткіліксіз болады.

Мемлекеттің мұндай қадамға неге барып отырғанын түсіну қиын емес. Еңбек шарты – қызметкер үшін әлеуметтік қауіпсіздіктің негізгі кепілі. Ол зейнетақы жүйесіне қатысуға, медициналық сақтандыру алуға, ақылы еңбек демалысына, сырқаттанған кезде жәрдемақы алуға, өндірістік жарақат алған жағдайда өтемақы талап етуге мүмкіндік береді. Ал азаматтық-құқықтық шартта мұның ешқайсысы автоматты түрде қарастырылмайды. Ең сорақысы, даулы жағдай туындағанда, сотта нақты еңбек қатынастарының болғанын дәлелдеу өте қиын. Құжат жүзінде адам «қызмет көрсетуші» болып тұрған соң, оның құқықтары да әлдеқайда әлсіз болады.

Сонымен бірге мемлекет азаматтық-құқықтық шарттарды толықтай жойып жіберуді көздеп отырған жоқ. Егер шарт шынымен азаматтық-құқықтық логикаға сай болса, яғни адам нақты бір нәтижеге жауап берсе, жұмыс уақытына, лауазымға, ішкі тәртіпке байланбаса, тараптар «жұмыс беруші – қызметкер» емес, «тапсырыс беруші – орындаушы» ретінде әрекет етсе, мұндай шарт заңды болып қала береді. Мәселен, бірреттік жоба, нақты тапсырма, кеңес беру, шығармашылық немесе техникалық қызметтер осы санатқа жатады. Бұл – фриланс, жобалық жұмыс, қосымша табыс табу мүмкіндігін сақтап қалуға бағытталған маңызды шектеу.

Аталған норма «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне еңбек қауіпсіздігін жетілдіру және еңбек құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасында қарастырылған. Бұл құжат қазір Парламент қарауында болып, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі оны екінші оқылымда қабылдады. Алғашқы оқылым 2025 жылдың қазан айында өткен болатын.

Бұл өзгерістерге қатысты қоғамда ең көп қойылып жүрген сұрақтардың біріне Мәжіліс депутаты Мұқаш Ескендіров түсініктеме берді. Оның айтуынша, заң күшіне енген жағдайда азаматтық-құқықтық шартпен жұмыс істеп жүргендердің барлығы бірдей автоматты түрде штатқа қабылданады деген сөз емес. Мұнда басты өлшем – нақты жағдай. Егер ұйымның штатында белгілі бір лауазым ресми түрде бар болса, бірақ жұмыс беруші сол жұмысты істеп жүрген адаммен еңбек шартын жасамай, азаматтық-құқықтық шарт арқылы жұмыс істетіп отырса, бұл – заңбұзушылық. Мұндай жағдайда еңбек инспекциясы араласып, жұмыс берушіні адамды штатқа қабылдауға міндеттейді.

Ал егер ұйымның штатында ондай лауазым мүлде қарастырылмаса, яғни қызмет шын мәнінде жобалық немесе уақытша сипатта болса, азаматтық-құқықтық шарт заңды болып қала береді. М.Ескендіров бұл нормалар азаматтардың қосымша табыс табу мүмкіндігін шектемейтінін де ерекше атап өтті. Егер адамның бір жерде тұрақты жұмысы болып, басқа жерде аталмыш шарт арқылы қосымша қызмет көрсетсе, бұл заңбұзушылық болып саналмайды. Өйткені мемлекет фрилансерлерді немесе қосымша жұмыс істейтін азаматтарды табысынан айыруды көздеп отырған жоқ.

Депутаттың сөзінше, мәселенің түптөркіні – жұмыс берушінің жауапкершілігінде. Штаттағы қызметкерді ресми қабылдау – әлеуметтік төлемдер, еңбек қауіпсіздігі, демалыс, сақтандыру сияқты міндеттемелерді талап етеді. Ал кейбір жұмыс берушілер осы жауапкершіліктен қашу үшін адамдарды штатқа алмай, азаматтық-құқықтық шартпен ғана жұмыс істетіп, мерзімі біткен соң оңай шығарып жібереді. Бұл – еңбек қатынастарын айналып өтудің айқын көрінісі. Жаңа заң дәл осы тәжірибені тоқтатуға бағытталған.

Қабылданған заң тек азаматтық-құқықтық шарттарға қатысты шектеулермен шектелмейді. Құжатта ұжымдық шарттарға қатысты да маңызды жаңалықтар бар. Атап айтқанда, ұжымдық келісімшартта бір кәсіп немесе лауазым шеңберіндегі ең төменгі және ең жоғары жалақы мөлшерлерінің арақатынасы белгіленуге тиіс. Сонымен қатар өндірістік жарақат алған жағдайда төленетін жәрдемақылар мен өтемақылар туралы нақты ережелер енгізіледі. Денсаулық сақтау органдарына өндірістік жарақаттың ауырлық дәрежесін айқындау қағидаларын бекіту құзыреті беріледі.

Тағы бір маңызды өзгеріс – еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі маманның ұйымдағы мәртебесіне қатысты. Енді бұл маман тікелей ұйымның бірінші басшысына бағынатын болады. Бұл еңбек қауіпсіздігі үшін жауапкершілікті нақтылап, формалды тәсілден арылуға бағытталған. Яғни, қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз ету енді қағаз жүзіндегі талап емес, басшылықтың тікелей міндетіне айналады.

Осылайша, 2026 жылдан бастап Қазақстандағы еңбек нарығы жаңа кезеңге қадам баспақ. Азаматтық-құқықтық шарттар сақталады, бірақ оларды еңбек қатынастарын бүркемелеу құралы ретінде пайдалану қиындайды. Бұл өзгерістер бір жағынан жұмыс берушілерге қосымша талаптар жүктесе, екінші жағынан қызметкерлердің әлеуметтік қорғалуын күшейтеді. Штаттағы тұрақты жұмыс – тұрақты табыс пен әлеуметтік кепілдіктердің негізі екені белгілі. Мемлекет қабылдап отырған жаңа нормалар дәл осы тұрақтылықты кеңейтуге, азаматтардың еңбек құқықтарын нақты қорғауға және еңбек қатынастарындағы әділетсіздікті азайтуға бағытталған.

ДАУА

10 АҚПАН 2026 | СЕЙСЕНБІ

Нұрлан ҚАСЫМОВ:

БІР АУЫСЫМДА МЫҢ АДАМДЫ ҚАБЫЛДАЙ АЛАМЫЗ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен Астананың іргесіндегі Қосшы қаласында жергілікті халық үшін маңызды әлеуметтік мекеме – қалалық емхана ашылды. Бұл – Ақмола өңіріндегі бюджеттен шығын шығарылмай, инвестордың қаражатына тұрғызылған алғашқы ірі нысан. Орайды пайдаланып, Viamedis Kosshy ЖШС Бас директорының бірінші орынбасары Нұрлан Қасымовпен әңгімелескен едік.

– Нұрлан Қаукенұлы, білуімізше, жаңадан ашылған емхана Қосшыдағы денсаулық сақтау кешенінің бір бөлігі ғана. Кешен туралы толығырақ айтып берсеңіз?

– Осыдан екі жыл бұрын Мемлекет басшысы Қосшы қаласының даму жоспарымен танысып, медициналық мекеме салуды тапсырған болатын. 2024 жылдың тамызында 30 мың шаршы метр аумақта денсаулық сақтау кешенінің құрылысы басталды. Қазіргі күні емхана пайдалануға берілді, ал аурухананың құрылысы бітті, енді ішкі жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұйырса, аурухананы шілде айында ашуды жоспарлап отырмыз. Одан бөлек, аталған аумақта дәрігерлерге арналған тұрғын үй мен пансионат салынып жатыр.

– Дәрігерлерге арналған тұрғын үй түсінікті, ал пансионат не үшін керек?

– Пансионат емханаға көрінуге алыс жерден келген науқастар үшін салынады. Таңертең ерте дәрігерге көріну үшін науқас басқа ауданнан кештетіп келуі мүмкін. Сол кезде пансионатқа түнейді. Немесе ауруханада туыстары жатқан адамдар науқасты жиі-жиі бақылап отыруы үшін пансионатқа орналасады. Өйткені білесіздер, қалада қонақүйлердің бағалары тым қымбат.

– Жаңа емхананың қандай да бір ерекшелігі бар ма?

– Жаңа емхана заманауи құрал-жабдықпен толық қамтылған. Мұнда алғашқы санитариялық көмектен бастап шұғыл, жоспарлы, мамандандырылған қызметтер көрсетіледі. Мекемеміз бір ауысымда мыңнан астам адамды қабылдай алады. Жаңа емхананың 100 мың адамға арнап салынғанын да айта кетуіміз керек. Яғни, Қосшы қаласының халқына қоса, Ақмола облысына қарасты 7 ауданның халқына қызмет көрсетеді.

Бұрын емханаларда балалар, әйелдер, ересек адамдарды бөлек-бөлек қарайтын. Біздің ерекшелігіміз, осы жүйеге қайта оралып жатырмыз. Балалардың өз учаскелік дәрігер, педиатрлары болады, ересек адамдарды бөлек емдейміз, бір қабатта әйелдер консультациясы жұмысын бастайды. Қызкеліншектер гинекология, маммография бойынша терапевтке қаралмай-ақ, бірден әйелдер консультациясына келеді. Диспансерлік тіркеуде тұрған науқастарға бөлек учаске жасаймыз. Жай науқастардың учаскесі бөлек болады. Сондай-ақ бұрын Қосшыдағы емханаларда зертхана болмады. Биоматериалдарды Астана қаласына жіберуге тура келетін. Енді анализдерді қысқа мерзім ішінде анықтауға мүмкіндік бар. Емхананың тағы бір ерекшелігі, дәрігерлер мен медбикелердің біліктілігі үнемі жетілдіріліп отыратын болады. Ғылымдағы соңғы жаңалықтар ескеріліп, науқасқа көмек көрсетудің жолдарын көрсетеміз. Ол, әрине, манекен арқылы жүзеге асырылады. Жалпы, біздің компанияның басқаруында Павлодар, Степногорск және Көкшетау қалаларында осындай типті емханалар бар екенін айта кеткен жөн.

Жуырда ғана Қосшы қаласында жаңадан ашылғанына көп болмаған №1 емхананың халқын бізге ауыстырды. Себебі ол емхана кішірек болды, белгілі бір саланың мамандары жетіспеді. Енді ол емхананың ғимараты балалар ауруханасына айналады. Есесіне, шілде айында біздің кешенде ашылатын аурухана тек ересектерге қызмет көрсетеді. Емхана мен аурухананың екеуі бірге жұмыс істей бастаған кезде шын мәніндегі үлкен кешенге айналатынына сеніміміз зор.

– Жаңа денсаулық сақтау кешені бюджет қаржысына емес, инвесторлардың көмегімен салыныпты. Бұл сонда қалай? Емхана халыққа толықтай тегін қызмет көрсете ме әлде белгілі бір қызмет түрлері ақылы ма?

– Иә, бұл кешенді салғанда мемлекеттік бюджеттен қаражат бөлінбеді. Бірақ мемлекеттік тапсырысты орындау аясында әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры көмек көрсетті. Жобаның инвесторы – Viamedis Kosshy жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Жобаның жалпы құны – 30 миллиард теңге. Ал емханаға келсек, бізде қызмет түрлері ақылы емес. Себебі адамдар ай сайын МӘМС жүйесіне жарна төлеп отыр. Соның есебінен барлық медициналық қызмет түрі тегін көрсетіледі.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан Айгүл СЕЙІЛ

ҮМІТТІ ЖАЛҒАҒАН СӘТ

Заманауи медицина күн сайын кеңейіп дамып келеді. Енді елімізде де жатырда жатқан нәрестеге операция жасауға болады, осылайша туабітті ақаулардың алдын алып, сәбидің өмірін сақтап қалуға мүмкіндік жоғарылады. Феталдық (жатырішілік) операция жасау бір жылдары тәуекелге толы, күрделі операция саналған, ал бүгінде отандық медицинаның жетістігіне айналды.

Айсұлу СЪЕЗХАН

Мамандардың әр жыл сайынғы ізденісінің арқасында феталдық хирургия саласы қарқынды дамып жатыр. Жатырішілік операциялар қазір жоспарлы түрде жасалатын ем қатарына кіреді. Аталмыш ота түрі Астана және Алматы қалаларында жүргізіледі.

Елде феталдық хирургия медицинаның бір саласы ретінде біртіндеп дамып келе жатқанымен, негізгі қадамдар 2024 жылдың жазынан басталған. Сол кезде халықаралық сарапшы-практиктердің қолдауымен шеберлік сабақтары басталды. Ресейлік сарапшылар, медицина ғылымдарының докторы, ультрадыбыстық және функционалдық диагностика бөлімінің меңгерушісі Кирилл Костюков, медицина ғылымдарының кандидаты, акушер-гинеколог, академик В.Кулаков атындағы Акушерлік, гинекология және перинатология Ұлттық медициналық зерттеу орталығының жүктілік патологиясы бойынша маманы Виктория Сакало сынды мамандар шеберлік сабағын өткізді. Денсаулық сақтау министрлігінің және AYALA қайырымдылық қорының бастамасымен іске қосылған «Феталдық медицина» жобасының аясында 2024 жылы Алматыдағы Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығында 46, Астанада UMC клиникасының «Ана мен бала» орталығында 35 ота жасалды.

Дәрігерлер алғашында отаның тек бір түрінен, яғни көпұрықты жүктілік кезінде ұрықтың өмірін сақтап қалуға мүмкіндік беретін лазерлік коагуляциядан бастады. Кейіннен тәжірибе алмасу барысында везикоамниалды шунттау, егіз балаға кіндіктің лазерлік коагуляциясы секілді феталдық операцияның бірнеше түрін меңгере түсті. Сонымен қатар шарана сұйықтығы патологиясы болған жағдайда амниоредукция және амниоинфузия жасай бастады. Бұл процедуралар ұрықтың дамуына қолайлы жағдай туғызып, асқыну қаупін сейілтіп, шарана сұйықтығының мөлшерін реттеуге мүмкіндік береді. Кейінгі деректерге сенсек, бір жылда 118 жатырішілік операция өтсе, соның нәтижесінде 99 сәби дені сау болып дүниеге келді. Жалпы, феталдық хирургияның дені егіз құрсақты аналарға жүргізіліп жатыр, былтыр көпұрықты 79 жүкті әйел сәтті босанған.

– Кейде егіздерде жүктілік кезінде түрлі ақау анықталады. Мысалы, фето-фетальды монохорионды синдромы кездесіп жатады, яғни бір ұрық донор, ал екіншісі реципиент ретінде дами бастайды. Одан екеуі де зардап шегеді. Салдарынан екі ұрық та өліп кетуі мүмкін. Мұндай жағдайда біздің міндетіміз – кіндік тамырларын лазерлік коагуляциялау, яғни шартты түрде бөлу. Осылайша, екі ұрықтың да аман қалуына көмектесіп, сәбилердің өмірін сақтап қаламыз, – дейді «Ана мен бала» орталығындағы «Ұрық медицинасы» бағдарламасының жетекшісі Гүлмира Әуезханқызы.

Дидар Мұратова дәл осындай сырқатпен жүктілік кезінде алғашқылардың бірі болып операция жасатқан, ол Атырау қаласында тұрады. Оған жүктіліктің 20-аптасында фето-фетальды трансфузиялық синдром деген диагноз қойылып, «Ана мен бала» орталығына жіберілген көрінеді.

– Жүктіліктің 19-аптасында ультрадыбыстық диагностикадан (УДЗ) өттік, сол кезде сәбиімнің біреуі 350 грамм, ал біреуі 450 грамм болды, ұрықтың дамуы кешігіп жатыр деді. Фето-фетальды трансфузиялық синдром деген диагноз қойды. Біреуінде көп су, біреуінде аз су. Мұндағы мамандар 20-аптаға қарай «Ана мен бала» орталығына жіберуге квота дайындады, Атырауда ештеңе істей алмаймыз деп жіберді. Солай Астанаға бардық. Бірінші операция сәтті аяқталды, екеуі де тірі болған. Бір айдан кейін, 10 сәуірде екінші операция жасады. Біреуін сақтап қалдық, біреуін сақтай алмадық. Қазір 7 айлықпыз. Баламды неврапотологтарға апарып жүрмін. Бәрі уақытымен кезең-кезеңімен дамып жатыр, – дейді Д.Мұратова.

Отандық дәрігерлер фето-ұрықтың трансфузиялық синдромы, кері артериялық перфузия синдромы сынды көпұрықтық жүктіліктің асқынуларын емдеумен қатар, құрсақта жатқан ұрықтың плацента тамырларына донорлық қан құя алады. «Ана мен бала» орталығында кейінгі бір жылда осындай 29 ота сәтті өткен, бұдан өзге де ақауларды емдеуде 13 феталдық хирургия жүргізілді. Бұл көрсеткіш еліміздің медициналық қауымдастығы үшін тағы бір толағай табыстың белгісін айқындады.

– Орталығымызда 2013 жылдан бастап құрсақтағы сәбиге донорлық қан құю операциялары жасалып келеді. Мұндай ем резус-факторы теріс пациенттерге жүргізіледі. Ондайда жүктілік кезінде жатырдағы балада анемия пайда болады. Ең қысқа мерзімді айтсақ, жүктіліктің 18-аптасында жатыр ішінде ұрыққа донорлық қан құю операциясын жасағанбыз. Сол арқылы сәбилерді аман алып қалдық. Бұл бағытта тәжірибеміз айтарлықтай мол, – дейді жоғары білікті акушер-гинеколог Г.Әуезханқызы.

Бүгінде Атырау, Шымкент, Павлодар, Орал, Семей, Қызылорда сынды қалалардан, елдің түпкір-түкпірінен қаншама болашақ ана ем іздеп келеді. Осы орайда айта кетерлігі, жатырішілік операциялар квота арқылы тегін жасалады. Денсаулық сақтау министрлігі Астана мен Алматыдан өзге қалалардағы орталықтарды да заманауи жоғары технологиялық медициналық жабықтармен қамтуды, өңірлерде жасалатын оталар спектрін кеңейтуді және феталдық хирургия орталықтарының желісін құруды мақсат етіп отыр.

– Қазір құрсақішілік диафрагмалық және жұлын жарықтарын түзету операцияларын жоспарлап жатырмыз, бұл нәресте өлімін азайтуға, балалардың мүгедектігін болдырмауға жағдай жасайды. Кадрлар даярлауды күшейтіп, әлемнің жетекші клиникаларымен тәжірибе алмасу да жоспарымызда, – дейді Аналар денсаулығын сақтау басқармасының басшысы Шәкизат Халықова.

Бұған қоса, елімізде жүктіліктегі ақауларды ерте анықтау мақсатында перинаталдық орталықтардың базасында «Бір күндік клиника» жыл сайын жұмыс істеп келеді. 22 облыстық перинаталдық орталық базасында уақытылы маманданған медициналық көмек беруге арналған «Ұрықты қорғау» орталықтары құрылды. «Бір күн ішіндегі клиника» қағидаты бойынша жұмыс істейтін орталыққа барған болашақ ана алғашқы скринингтік УДЗ-дан, пренаталдық скринингтен, психолог, акушер-гинеколог және генетик мамандардың консультациясынан өтеді. Бұл жүкті әйелге бір күн ішінде бірінші скринингтің толық тексеруінен өтуге және ұрықтағы хромосомалық патологиялардың бар-жоғын анықтауға мүмкіндік сыйлайды. Былтыр осы қағидат аясында 100 мыңға жуық жүкті әйел арнайы тексерілуден өтіп, 500 мыңнан аса қызметті тегін алған. Бағдарламаны іске асыру ұрықтың туа біткен кемістіктерін анықтаудың 13%-ға өсуіне, пренаталдық скринингтермен қамтудың 8%-ға ұлғаюына, даму кемістіктерінен болатын нәресте өлімінің 15%-ға және даму кемістіктерінен бастапқы мүгедектіктің 7,5%-ға төмендеуіне әсер етті.

Феталдық хирургияның дамуы әр отбасының, әр ананың дені сау ұрпақ сүюге, ата-ана бақытын сезінуге мүмкіндігін арттырып келеді. «Ана мен бала» орталығының мамандары жатырішілік операциялардың басқа да түрін меңгеруге, шеберлігін шыңдауға, шетелден тәжірибе жинақтауға арналған бағдарламаларды іске асырып жатыр. Мамандар келешекте туабітті диафрагмалық грыжа, зәр шығару жүйесінің туа біткен ақауларын емдейтін жаңа операциялар өткізбек.

ПАРАСАТ

10 АҚПАН 2026 | СЕЙСЕНБІ

Жыр өнерінің ұстазы, әйгілі жырау, профессор Алмас Алматов ағамыз биыл жетпіс жасқа толып отыр, жаңа ғасырымызда жыршылық өнердің кәсіби мектебін қалыптастырған Алмас Нұрмаханұлының осы мерейлі жасына орай шағын мақала жазуға тәуекел етіп отырмыз. Әрине, даңқты өнерпаздың қазақтың мәдениеті үшін өз еліндегі қайраткерлігін, түркі әлемі мен Еуропа жаһанындағы концерттік сапарларын, әлемдік ғылыми басқосулардағы мәртебелі мінберде оқыған баяндамаларын, ағартушылық саласында шыққан еңбектерін санап жазуға болар еді. Алайда Алмас Алматовтың тұлғасын туған елі жазбай таниды, руханиятқа сіңірген еңбегін де біледі. Жыр жампозының әрбір қызметі қазір де халқының көз алдында. Сондықтан осынау жасқа жеткендегі жетістіктерінің ең маңыздыларына ғана тоқталуды жөн санадық.

КӨМЕКЕЙ жырау

Қорқыт ата кітабында мынадай сөз бар: «Қыл қобызын арқалап, елден-елге, бектен-бекке жырау кезер. Ер жомартын, ер бақылын жырау білер. Қарсы алдыңызда жолдан адастырмай, қобыз тартып жырлайтын жырау болсын, ей, ханым!» (Қорқыт ата кітабы. Алматы: «Жазушы», 1994 жыл. 13-бетте).

Осындай өсиет сөз қалдырған Қорқыт бабамыз Сыр бойында ғұмыр кешкен, қобызымен жыр айтып, өзі айтқандай «ер жомартын, ер бақылын» білген әулие болыпты деседі. Қорқыт ата заманынан біздің дәуірімізге дейін осы бір арналы өзеннің сағасынан ешқашан жыр үзілмепті. Сырды жағалай қонған жұрттың басынан алағай да бұлағай қанша ғасыр өтсе де, қобыз шалып, жыр толғайтын неше бір данышпандар өткені тарихтан аян. Асан қайғы да, Сыпыра жырау да Сырды айналмай өтпеген. Әр дәуірде ежелгі Ақмешіт топырағындағы кітап ашқан ғалымдарды, нәсиет айтып елді аузына қаратқан өнерпаздарды санап тауысу мүмкін емес. Алмас Алматов та осы бір киелі мекеннің перзенті. Ол – кешегі Тұрмағамбет, Жиенбай, Нартай секілді жыр алыптарының мұрагері, тұтас бір дәстүрдің жалғасы.

Алмас Алматов 1956 жылы байырғы жыршылар мекені Қармақшы ауданында туған, жастайынан домбыра шертіп, «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Қыз Жібек» сияқты елге кең тараған дастандарды жатқа айтып, «Жыршы бала» атанған. Бұл уақытта Қармақшыда үлкен жыршылардың буыны үзілмеген кез. Бір өзі бір мектеп болатындай дала даңғайырлары баршылық еді, соның ықпалы болуы керек, Алмас жас та болса таңнан-таңға талмай жыр толғай алатын қабілет-дарынға ие болды. Есте сақтау, жады, абсолютті есту сезімінің арқасында күрделі дастандармен қатар термелерді, хат өлеңдерді, шағын хикаялы жырларды, қиссаларды да ерте игеріп алды. Дауысының қоңыр үні де тыңдағанды еліте алатындай тартымды әрі кең болды. Сыр өңірінде дауыстың көне түркілік «көмей» түрі сақталған, бұл дауысты игеру нағыз өнерлінің ғана қолынан келеді, себебі тамақпен, көмеймен, кеудемен күмбірлей қоңыраулататын бұл күрделі дәстүрдің сақталуына және оның білім саласына кіріктірілуі де Алмас Алматовтың еңбегі десек артық айтпаспыз.

Кеңес үкіметі уақытында жыршылық өнер – тұсаулы тұлпар секілді еді, коммунистік идеологияның салқыны осы бір киелі өнерімізге аса қатты тиген кезең болатын. Сондықтан концерт бағдарламаларында классикалық жыр болмайтын, тек социализмді жырлаған «қатаң сүзгіден» өткен шағын термелер ғана арнау өлең қатарында орындалатын. Осындай қатаң уақытта жыр өнерін арнайы оқытатын, яки өнер түрі ретінде бағалайтын өнер ошақтары жоқ болатын. Сондықтан заманның талабымен кәсіби музыкалық білім алу үшін жас талант 1978 жылы Н.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтының «Музыкалық педагогика» факультетіне оқуға түсті. Студент кезінде «Сыр сұлуы» халықтық ән-би ансамблінің мүшесі болып кәсіби өнер сахнасындағы шығармашылық жолын бастады. Жоғары білім алған соң, 1982-1987 жылдары Қызылорда облыстық кәсіптік білім беру мәдениет басқармасында, содан кейін облыстық халық шығармашылығы орталығында жетекші маман қызметтерін атқарды. Осы уақыттар арасында Алмас Нұрмаханұлы кәсіби қалыптасқан орындаушы болуымен қатар, халықтық фольклорды зерттеумен де айналыса бастады. Сыр жыршыларының аузынан көне терме, насихат өлеңдерді жазып алды, қағазға түскен қолжазбаларды өңдеуге, жүйелеуге машықтанды. Сирек айтылатын жыр мақамдары мен сарындарын жадына тоқыды, радио мен телеарна арқылы мүмкіндігінше елге насихаттауға күш салды. Республика көлеміне жыршы болып танылған Алмас Нұрмаханұлы 1985 жылы бүкілодақтық жастар мен студенттер фестивалінің лауреаты атанды, осыдан кейін оның шығармашылық жолының жарқын кезеңдері басталды деуге болады. Сол жылы арнайы шақыртумен ол Франция, Италия, Швейцарияда (Париж, Женева, Милан, Флоренция) өткен фольклорлық музыкалық турнеге және Моңғолиядағы дәстүрлі «Азия халықтарының музыкалық симпозиумына» қатысып, шетел тыңдармандары алдында қазақ жырының абыройын асқақтатты. 1984 жылы ол «Жігер» фестивалінің лауреаты атанды. 1986 жылы Қазақстан Ленин комсомолы жастар сыйлығының лауреаты атағын алды.

1987 жыл Алмас Алматов үшін тарихи жыл болды, ол Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының өнертану мамандығы бойынша ғылыми ізденушісі болып қабылданды. Ал 1988 жылы жаңадан ашылған «Халық әні» кафедрасының алғашқы меңгерушісі болып тағайындалды. Жәнібек Кәрменов, Қайрат Байбосынов секілді қазақтың ірі әншілерімен бірге тарихта тұңғыш рет ашылған кафедраның қалыптасуына тер төкті. Бұл кешегі Жүсіпбек Елебеков пен Ғарифолла Құрманғалиевтардың арманы еді, халықтың ән-жырының қанаты жазылмай тұрған заманда осы екі абыз Алматыдағы эстрада және цирк студиясында ән мектебін ашқан болатын. Елімізде арнайы орта білім беретін жалғыз оқу орны осы студия ғана еді. Ал жоғары білімді дәстүрлі орындаушы дайындайтын не оқу орны, не мамандық түрі жоқ болатын. Жаңадан ашылған халық әні мамандығына Бекболат Тілеуханов, Берік Жүсіпов, Ержан Қосбармақов сияқты бұл күнде аттары елге танылған жастар алынды. Олардың жоғары білімге лайық пән саясаты, оқытушы әрі сахна шебері болып тәрбиелену үшін қажетті білік кешенінің алғашқы нұсқасын Алмас Алматовтың өзі жасап шықты. 1998 жылы Алмас Нұрмаханұлының авторлық жобасымен 0621 – «Дәстүрлі өнер-жыр» мамандығы бойынша негізгі жоғары білім беру мемлекеттік стандарты, оқу жоспары, оның толық оқу-әдістемелік кешені жасалып, жоғарыға ұсынылды. Осы жоба 1998 жылдың 8 мамыры күні Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет, денсаулық, спорт министрлігінің №115 бұйрығымен бекітіліп, жоғары оқу орнындағы арнаулы мамандық есебінде классификаторға енгізілді. Қазіргі уақытқа дейін халық әнін оқыту жұмысы осы стандартпен жұмыс істеп келеді.

> **Кеңес үкіметі уақытында жыршылық өнер – тұсаулы тұлпар секілді еді, коммунистік идеологияның салқыны осы бір киелі өнерімізге аса қатты тиген кезең болатын. Сондықтан концерт бағдарламаларында классикалық жыр болмайтын, тек социализмді жырлаған «қатаң сүзгіден» өткен шағын термелер ғана арнау өлең қатарында орындалатын.**

1990 жылы Алмас Алматов Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «Дәстүрлі музыкалық өнер» кафедрасының ашылуына бастамашы болды және алғашқы меңгерушісі болып қызмет атқарды. Ал осыдан кейін халықтық ән-жыр өнері бойынша кәсіби білім беруді қамтамасыз ете алатын арнайы стандарты болғанымен, магистрлық және докторантуралық дәрежелерде оқытудың қажеттілігі екені анық білінді. Себебі осы мамандық бойынша өнерді ғылыми тұрғыда зерттеу саласында білім беру талабы әлі жүйеленбеген еді. Осы іс 2000-2001 жылдары ғана шешімін тапты, нақтылай айтсақ, №062140: «Дәстүрлі музыкалық өнер» (түрлері бойынша) Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының жаңа формасы енгізілді, бұл жобаның авторы да, жұмысшы топтың жетекшісі де Алмас Нұрмаханұлының өзі болған еді. Осыдан кейін халық әні мен жыр өнері бойынша зерттеушілер толқыны қалыптасты. Осы күні елге есімдері танымал жыршылар – Берік Жүсіп, Елмұра Жаңабергенова, Ұлжан Байбосыновалар Алмас Нұрмаханұлының шәкірттері. Қазіргі кезде ғылыммен айналысып жүрген талантты жас жыршылар көп, олардың зерттеу жұмыстары шетел журналдарына жарияланып келеді. Яғни, жыршы тек сахнада ғана емес, ғылым майданында да таныла бастады. Алмас Нұрмаханұлының шәкірттері, өнертану ғылымдарының магистрлері – Ақерке Дабылова, Күнсұлу Түрікпендер өнертану мамандығы бойынша докторантурада білім алуда. Түркияның Анкара қаласындағы Көркемөнер және музыка университетінде Мәлика Алдамжарова «музыкатану» саласы бойынша магистратурасын «үздікке» тәмамдап, докторантурада білім алуда.

Қазір Қызылорда облысында Нұртуған, Жиенбай, Нартай жыр мектептері толыққанды жұмыс атқаруда, музыка мектептерінде терме сыныптары ашылған. Қазанғап атындағы Музыкалық колледжде арнаулы «дәстүрлі өнер» бөлімі оқытылады. Қорқыт ата университетінде бакалавр деңгейінде «Дәстүрлі өнер институты» жұмыс істеп тұр. Осы еңбектердің бәрі Алмас Нұрмаханұлының ағартушылық саладағы жұмыстарының ізденістері, жетістіктері, себебі ол дала жыршысының заманауи білім алуы үшін тер төкті, жырдың алтын арқауының үзілмеуіне саналы өмірін арнады.

2011 жылы Алмас Алматов Қазақ ұлттық өнер университетіне жұмысқа шақыртылды. Қорқыт ата атындағы өнер зерттеу институтының директоры қызметін атқарды. Университеттің өнертанушыларын, фольклор кабинетінің қызметкерлері мен жас зерттеушілерді өз маңайына шоғырландырып, ғылыми жобаларға жетекшілік етті, алқалы жиындар өткізді. Сонымен қатар ұстаздық қызметті де қатар атқарды, көптеген өнер сайысының жүлдегерін дайындады.

Қазақ жырының сазы мен сарыны қатар нотаға түсірілу жұмысы да Алмас Алматовтың идеясы, ол нота жазу барысында мақамды мейлінше нақты және домбыра сүйемелін қоса жазу тәжірибесін енгізді. Оқу құралы ретінде де, зерттеуге қажетті теориялық әдебиет ретінде де осындай методология асқан тиімділігін көрсетіп жүр. Осы ретте өзінің үзеңгілес інісі әрі шәкірті, күйші Төлепберген Тоғжанұлының еңбегін де атап өтуіміз керек. Ол жыр ноталарының жазылу үлгісін қалыптастыру саласында көп тер төкті. Қазіргі кезде Алмас Алматов пен Төлепберген Тоғжанұлының қосавторлығымен шыққан хрестоматиялар тәжірибеге еніп кеткен, ұлттық кітапхана қорларында да бар. Шетелдік ғалымдар да осы кітаптар арқылы жыр табиғатын мейлінше тұпнұсқаға жақын ұғуға мүмкіндік алды деп айта аламыз.

Орындаушылық өнер, концерттік қайраткерлік саласындағы Алмас Алматовтың жетістіктерін айтқанда, ұлт өнерінің мәртебесінің де өскенін көріп қуанасыз. Бұл жай ғана мезеттік сахнаға шығатын әртістік ахуал емес, тұтас ұлт фольклорының биік мінберден сөйлеуіне парапар істер. Мысал ретінде сол сапарларға шағын ғана шолу жасалық:

– 1993 жылы Францияда Париждегі Chatelet театрында жеке концерт өткізді;

– 1993 жылы Голландияның Амстердам қаласында халықаралық «Музыкалық фестивальда» өнер көрсетті;

– 1996 жылы Америкада Медисон университетінде эпикалық өнер жайлы лекция-концерт берді;

– 1995 жылы Лондонда «Элизабет-Холл» сарайында жеке концерті өтті;

– 1996 жылы Жоғары мәртебелі ханзада, Уэльс тағының мұрагері Чарльз Филипп Артур Джордждың қабылдауында болды (Британия елшілігі. Алматы);

– 2001 жылы Египеттің астанасы Каир және Александрия қаласында Қазақстан Республикасының 10 жылдығына орай өткізілген мәдениет күндеріне қатысты;

– 2003 жылы Американың Нью-Йорк, Вашингтон, Висконсин қалаларында жеке концерт беріп, Смитсонион университетінде лекция-концерт өткізді;

– 2007 жылы Белгияда өткен «Орталық Азия халықтарының музыкалық фестивальдарына» қатысты;

– 2018 жылы Түркияның Болу қаласында, Кипрде өткен конференцияларда баяндама жасап, шеберлік сабақтарын жүргізді;

– 2019 жылы Улан-Баторда өткен «Әлем эпосы және Жаңғыр» халықаралық конференциясында баяндама жасады.

– 2023 жылы Мысырдың Каир қаласында Бейбарыс сұлтанның 800 жылдық мерекесіне арналған Қазақстанның мәдени күніне қатысты, Бейбарыс баба аруағына жыр арнады.

А.Алматов – шығармашылық және ғылыми зерттеу жұмыстарын үнемі жетілдіріп отыратын білікті ұстаз. Шетелдік басылым беттерінде әр кезеңдегі ғылыми конференция, симпозиумдарда жасаған баяндамалары мен шеберлік сабақтары шетелдік мамандар тарапынан жоғары бағаланды және арнайы құжаттармен (сертификат) куәландырылып, күйтабақтары шығарылды. Мысал ретінде оқырманға төмендегі күйтабақтар мен антологияларды ұсынамыз: Орталық Азия музыкасының антологиясы: А.Алматов. (Аудиодиск). – Франция: Париж, 1985; MORITA Minoru. Music of the. Аудиоэнциклопедия. Жапония. Токио. – 1987. Том 7. (А.Алматовтың орындауында 16 шығарма енгізілді); «Жыр керуені» (күйтабақ). А.Алматов. – Москва: Мелодия, 1991; Kazakh Muzical Epic (Dis CD IV) – Сорс (АҚШ) – Қазақстан қоры, 1995; Traditional Kazakh zhir pertormed dy zhirau Almas Almatov trom Kzyl-Orda acc on dombra in Tropentheater (Audio disk). Amsterdam, November, 2007.

Бұл толық тізім емес, ал енді отандық жыр күйтабақтары мен антологиялардың көбісінің жетекшісі өзі, дастанды айтушылар – өзінің шәкірттері. Қазіргі кезде ұзақ жырларды бөліп айтқызу арқылы қазақтың аймақтық жыр мәнерін көрсетуге қол жеткізілді. Шынында, әлқиссадан кейін басқа мақаммен жырланып, тарауларына келгенде жыршылардың мақамдарының сан алуан болуы эпостың мазмұнын аша түскендей болады. Осы саладағы ізденістерді жастар да пайдаланып жүр, қазір жыршылардың сахнаға шығып, жырды кезек айтуы мәдени-креативті жаңалыққа айналған секілді. Өзі де жырлаған «Едіге», «Қарабек батыр», «Алау батыр», «Қамбар батыр», «Қобыланды батыр», «Бөгенбай батыр», «Жидебай батыр», «Мырқы батыр», «Бердіқожа батыр», «Арқалық батыр», «Кенесары», «Иман батыр» дастандары бұл күнде ұлттық фонотекамыздың байлығы болып табылады.

Алмас Алматов – қазақ өнеріне өлшеусіз үлес қосқан тұлға, қасиетті жыр өнерін тек фольклорлық мұра ғана емес, кәсіби музыкалық мамандыққа, іргелі ғылым көзіне айналдырған санаткер. Жырау ағамызды жетпіс жасқа келген мерейлі жасымен құттықтай отырып, қазақ мәдениетінің өркендеуі жолындағы еңбегіне тілеулестік білдіргіміз келеді. Жаңа дәуірімізде ұлт өнеріне жасампаздық серпін берген Алмас Нұрмаханұлындай азаматтар аман болсын!

Жанғали ЖҮЗБАЙ,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры

ТЕҢІЗ ТАҒДЫРЫН ШЕШЕТІН МАҢЫЗДЫ ШАҚ

Сыр өңірінде өткен Ұлттық құрылтайдың V отырысының мән-маңызы жоғары сипатқа ие болғаны белгілі. Келелі кеңесте Мемлекет басшысы ел дамуына тың серпін беретін межелі міндеттерді саралады. Қоғам мәселелерімен қатар, еліміздің ұзақмерзімді дамуына тікелей әсер ететін нақты міндеттерді жүктеді. Оның ішінде Құрылтайдың Қызылордада өткізілуінің маңызына айрықша тоқталып, өңірдің ел тарихындағы орны мен нақты нәтижелер аймағы ретінде бағаланатынын атап өтті.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

Өз кезегінде Қызылорда халқы, оның ішінде Арал өңірі тұрғындары құрылтайдан теңіз тағдырына қатысты оң өзгерістер күткені жасырын емес. Келелі кеңесте Президентіміз де теңіз мәселесін айналып өтпеді. Бұл ретте Мемлекет басшысы: «Қызылордаға келіп тұрып, Арал мәселесіне тоқталмай кету мүмкін емес. Аралды құтқару – барша адамзат үшін әлі де өте өзекті міндет. Мен бұл мәселе туралы халыққа Жолдауымда айттым. Жылдар бойы жүргізілген жұмыстың арқасында Солтүстік Аралды құтқарып қалдық. Қашқан теңіз қайтып, Кіші Аралдың қалпына келе бастағанына біраз жыл болды», – деген болатын.

Сонымен қатар Президент Көкарал бөгетіне қатысты жайтты да айтты: «Қазір Көкарал бөгетін биіктету шаралары қолға алынып жатыр. Жоба осы жылдың соңында басталады. Кіші Арал суының көлемін айтарлықтай көбейтуге мүмкіндік болады.

Бірақ бұл тек біздің қолымызда тұрған мәселе емес. Қазақстандағы ірі өзендердің көбі бастауын көрші мемлекеттерден алады. Дарияның басында тұрған елдердің су саласындағы саясатына байланысты Сырдың суы теңізге әр кезде әртүрлі көлемде жетеді. Демек, көп түйткілдің шешімі су саласындағы шебер дипломатияға байланысты. Қазір Орталық Азия елдерінің бәрімен су ресурстарын бірлесе пайдалану туралы келісімдер жасалды. Түптеп келгенде, Арал ғана емес, Каспийдің, Балқаштың, Ертістің тағдырын шешу үшін көршілермен мәмілеге келіп, келісімдерге қол қоюымыз қажет», – деп шегелеп өткен болатын.

Негізінен, Арал өңірінің экологиялық ахуалы әлемдік мәселеге айналып тұрғаны хақ. Бұған дейін де теңіз түйткілін түбегейлі шешу мақсатында бірқатар халықаралық шаралар қолға алынғанымен, әлі де толғақты мәселе тақырыбынан түсер емес. Ел ішінде экологиялық дағдарыс салдарынан Арал халқының денсаулығы сыр беріп, аурушаңдық белгілері ұлғая түскені жиі айтылып жүр. Теңізді қайта қалпына келтіру мақсатында Аралды құтқару қоры құрылып, қор жұмысын үш жыл сайын Орталық Азия елдері үйлестіретін болып келісілгені де мәлім. Дейтұрғанмен, гидрологиялық жүйенің теңсіздігінен 60 жылдан астам уақыт бойына Арал тағдырынан қатысты мәселеге нүкте қойылмай тұр.

Бұл тұрғыда «Арал-Сырдария» бассейндік инспекциясы тарапынан «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау» (САРАТС) жобасын жүзеге асыруға Дүниежүзілік банк тарапынан 64 млн АҚШ доллары бөлініп, ауқымды жұмыстар жүргізілгенін мәлімдейді. Нәтижесінде, Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтап қалумен бірге, өңірдің экологиялық және экономикалық жағдайы едәуір жақсартуға негіз қаланғаны айтылады.

«Солтүстік Арал теңізі аумағын ұлғайтудың нұсқалары (бірдеңгейлі, екідеңгейлі) бойынша келіспеушілікке байланысты жоба жұмыстары бүгінге дейін созылып келді. Мемлекет басшысының 2019 жылғы облысқа жасаған жұмыс сапары аясында «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Солтүстік Арал теңізін сақтап қалу» жобасының екінші кезеңін іске асыруды тапсырған болатын. Дүниежүзілік банк тарапынан бөлінген 1,5 млн АҚШ доллары қайтарымсыз гранты есебінен 2020 жылдан бастап «Өңірлік дамыту және Арал теңізінің солтүстік бөлігін қалпына келтіру» жобасының техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу жұмыстары басталды», – деп мәлімдейді инспекция.

Былтыр Арал өңірінің халқы да теңізді қалпына келтіруге бағытталған жобаға өз үнін қосты. Соның негізінде халық тарапынан бірдеңгейлі нұсқаға қолдау танытқандар қарасы бой көрсетті. Соған орай 2025 жылдың басында Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітовтің қатысуымен осы жобаны жан-жақты талқылау мақсатында облыс халқымен арнайы кездесулер өткізілгені мәлім.

Жобаны талқылау барысында Арал ауданының тұрғындары тарапынан бірдеңгейлі нұсқаға қолдау білдірген. Бұл бірдеңгейлі нұсқа бойынша Көкарал бөгетін балтық жүйесі бойынша 48 метрге дейін емес, 44 метрге дейін биіктету мәселесі бойынша шешім қабылданған. Осы арқылы сулылықтың болжамын ескере отырып, ТЭН жобасында негізгі нұсқа ретінде Көкарал бөгетін барынша биіктету жолымен бірдеңгейлі су айдынын құру, яғни қолданыстағы Көкарал бөгетін балтық жүйесі 42 метрден 44 метрге (2 метр) биіктету қарастырылады.

Жалпы, кейінгі кездері теңіздің күйі қаша бастағаны жайында ақпарат ел ішінде желдей есіп тұр. Бұған қоса, Сырдария өзенінің мүшкіл халі, әсіресе вегетация кезеңіндегі жағдайы көп жылдан бері көпті толғандырып келеді.

«2022 жылдың қазан айында Кіші Арал теңізінің су көлемі 18,5 млрд текше метрге азайған болатын. Қазір су деңгейінің көлемі 22,8 млрд текше метрге дейін ұлғайды. Ал 2025 жылдың маусым, шілде, тамыз айларында Арал теңізіне орташа есеппен түскен су секундына 15 текше метр болды. Негізінен, теңізге 2024 жылы 2,6 млрд текше метр су түссе, 2025 жылдың 1 қаңтарынан 2026 жылдың 1 қаңтарына дейін Кіші Арал теңізіне түскен су көлемі 1,8 млрд текше метр құрады. Ал былтырдан 821 млн текше метр су аз түскені нақтыланды», – дейді Арал аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөліміндегілер.

«Тұран ойпаты-Арал теңізі» қоғамдық бірлестігі Арал өңіріндегі теңіз мәселесін ұдайы қаузап жүрген ұйым саналады. Бірлестік тарапынан тартылған теңіз тағдырына алаңдаушылық танытып, түрлі басқосу ұйымдастырылып тұрады. Соның негізінде Арал проблемасын еңсерудің тиімді тетіктерін талдап, әрдайым құзырлы орындарға жеткізіп келеді.

Жыл басында Қызылордадағы Құрылтайда көтерілген теңіз мәселесіне қатысты тұжырым тұрандықтарды да бейжай қалдырмады. Бұл жайында бірлестіктің атқарушы директоры өзіндік үн қосты.

Негізінен, БҰҰ аясында үлкен су хабын құруға қол жеткізе алсақ, Арал теңізін қоректендіріп тұрған жалғыз артерия-Сырдария суынан тиесілі лимитімізді түгел алуымыз мүмкін. Сондай-ақ Астана саммитіне де артар үмітіміз зор. Аралды құтқару қорына бұрынғыша Қырғызстан мемлекеті де мүше болса, мемлекеттер су мәселелерін бірлесе шешер еді. Президенттің «Қазір Көкарал бөгетін биіктету шаралары қолға алынып жатыр. Жоба осы жылдың соңында басталады. Кіші Аралдың суының көлемін айтарлықтай көбейтуге мүмкіндік болады. Бірақ бұл тек біздің қолымызда тұрған мәселе емес», – деп бөгет құрылысының тезірек басталуына да алаңдаушылық білдіріп, мәселенің су саласындағы шебер дипломатияға байланысты екенін атап өтуінде үлкен мән бар. Ендігі кезекте Президент көтерген Арал мәселесін тиісті жауапты органдар іске асыруға тиіс. Бұл тұрғыда тек Сыр суына ғана тәуелді болмай, Солтүстік өңір сулары мен атмосфералық ылғалға да назар аударған жөн болар еді. Су стратегиясын қатаң бақылау – бүгінгі күннің өте өзекті мәселесі.

Негізінен, мәліметке сәйкес, Мемлекет басшысының тапсырмасымен Солтүстік Аралды қалпына келтірудің екінші кезеңін жүзеге асыру жобасы аясында Көкарал бөгеті қайта жаңғыртылатыны айқын. Бұл теңіз деңгейін жоспарлы межеге жеткізуге мүмкіндікті арттырады деген болжам бар. Яғни, бөгетті биіктету арқылы теңіз ауданын ұлғайту көзделуде. Соған орай Көкарал бөгетін биіктету жобасы осы жылдың соңында бастау алады деп жоспарланып отыр.

Жалпы, бүгінде құрғаған теңіз ұлтанын тіршілік нәріне толтыру барша адамзат тағдыры үшін маңызды міндет болып тұр. Сондықтан да Құрылтайда көтерілген маңызды міндеттер межеге сай жүргізілсе, өңірдің экологиялық ахуалы мен халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуына жол ашары сөзсіз.

ҚАҒАЗДА БАР, КРАНДА ЖОҚ...

Елдар ҚАБА *(коллаж)*

Ақмола облысының атқамінерлері өткен жылдың соңында-ақ халықтың толықтай жүз пайыз таза ауызсумен қамтылғанын хабарлаған. Дегенмен бұл іс мінсіз болмай шықты, әлі де краннан аққан су іше алмай отырған жұрт бар. Шалғайда жатқан ауылдарды айтпағанда, облыс орталығы Көкшетаудың өзінде жағдай бәз-баяғыдай. Түйткілді мәселе талай мінберде көтерілгенімен, су сапасының жақсармауы шымбайға батып тұр.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

Аса бір парадоксті жағдай, былтыр тамызда облыс орталығында он бес жылдан астам уақыт бойы салынған жаңа су тазарту кешені облыс әкімі мен басқа да құзырлы сала басшыларының қатысуымен іске қосылды. Бірақ жұрт сарыла күткен ауызсудан әлі ауыз тимепті. Түйткілді мәселе «AMANAT» партиясы филиалында өткен кезекті жиында тағы бір мәрте ашық көтерілді. Су сапасының әлі де болса талапқа сай келмейтінін «Көкшетау Су Арнасы» коммуналдық кәсіпорнының бас директоры Юрий Шенгальцтың өзі мойындады. Оның айтуынша, тазарту кешенінің өзінде әлі күнге іске қосу-баптау жұмысы жалғасып жатыр.

«Реагенттерді іріктеу, олардың дозасын анықтау – аса ұзақ процесс. Ал көктемгі тасқын келгенде судың бастапқы сапасы одан әрі нашарлайтыны тағы рас. Демек, реагенттер құрамы өзгереді. Бұған қоса, мамандарды оқыту керек. Содан кейін ғана нысан құрылыс бөлімі тарапынан теңгерімге беріледі. Бірақ мәселе мұнымен де бітпейді. Бірден халық таза суға қарық болады деп айта алмаймын. Өйткені шаһардағы құбыр желілерінің басым бөлігіне 60 жылдан асып кеткен. Әбден тозған магистралды және үй ішіндегі құбырлар әрине судың сапасына кері әсерін тигізеді», – дейді Юрий Шенгальц.

Компанияның дерегінше, Көкшетаудың өзінде су құбырларының 48,4 пайызының әбден тозығы жеткен. Тек былтырдың өзінде 500-ден астам құбыр жарылып, 52 апатты оқиға болған. Яғни, аптасына кемінде бір рет құбыр жарылғанын айғақтайды. Бұл – қала жұрты үшін қалыпты жағдайға айналып кеткен техногендік дағдарыс екені сөзсіз.

Шаһардағы ауызсудың сапасын көтермейтінін облыстық Санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау департаменті де ашық мойындады. Ведомствоның зерттеп-зерделеп шыққан мәліметіне жүгінсек, ауызсуға жүргізілген микробиологиялық сынамалардың 11,8 пайызы талапқа сай емес болып шыққан. Ал жалпы қаттылық, құрғақ қалдық, хлоридтер, темір және лайлылық көрсеткіштері бойынша алынған сынамалардың 69 пайызы санитарлық тиісті нормадан өтпей қалған.

Бұл – қаладағы тұтас халық қолданып отырған судың талапқа сай еместігін білдіретін статистика. Өкінішке қарай, бұл жағдай тек Көкшетаумен ғана шектелмейді. Облыстың бірнеше ауданындағы ахуал да көңіл көншітерлік емес. Санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау департаментінің жүргізген сараптамасы өңірдегі ауызсу сапасын жақсартуға әлі көп жұмыстың қажеттігін көрсетті. Мәселен, былтыр жүргізілген микробиологиялық көрсеткіштер бойынша Егіндікөл ауданындағы ауызсуға жасалған сынаманың үштен бір бөлігі тиісті нормаға сәйкес келмеген. Жарқайың ауданында бұл көрсеткіш 23 пайыз болса, Біржан сал ауданында 19,3 пайызға жеткен.

Санитарлық-химиялық көрсеткіштер бойынша сынақтан Бурабай, Аршалы, Ерейментау және Есіл аудандары да өте алмаған. Облыстық Санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау департаменті басшысының орынбасары Сәуле Сәдуақасованың айтуынша, басты мәселе бақылаудың жоқтығынан болып отыр.

«Өңірдің 619 сумен қамту нысанының ішінде міндетті санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды тек 108-де ғана бар. Қалғанында не санитарлық талаптарға сәйкес келмейді, яки мүлде иесіз күйде қалған. Мәселен, тек бір ғана Зеренді ауданында 33 бірдей су құбырлары мүлде теңгерім иесінсіз қалса, Бұланды ауданында мұндай құбырлар 25-ке жеткен. Ал егер су құбырларының иесі болмаса, оның жұмыс сапасын тексеру мүмкін емес. Өйткені санитарлық дәрігерлердің оған ешқандай өкілеттілігі жоқ», – дейді Сәуле Сәдуақасова.

Департамент мәліметінше, нысандардың 74 пайызында міндетті өзін-өзі бақылау, яғни судың сапасын өз бетінше тексеру жүргізілмеген. Су құбырлары дер кезінде жуылмай, дезинфекцияланбаған күйде қалған. Сондай-ақ апаттық жағдайларды жою жоспары да тек қағаз жүзінде ғана бар болып шықты. Бұған өңірдегі тозған желілерді қоссаңыз, Ақмоладағы ауызсудың сапасы қанағаттанарлық деңгейден де әлдеқашан алыстап кеткені айқын көрінеді.

Дегенмен жергілікті биліктің де мәселені кезең-кезеңімен шешуге тырысып жатқанын жоққа шығаруға болмайды. «Көкшетау Су Арнасы» коммуналдық кәсіпорнының жоспарлау-техникалық бөлімінің басшысы Әсел Сәрсембинаның мәліметінше, тек былтыр ғана облыс орталығында 3 596 метр апаттық жағдайға жеткен су құбырлары ауыстырылып, 37 дана жапқыш-реттегіш арматуралар жаңартылған. Орталықтандырылған су құбыры желілеріне қоса отырып, жерасты суларын зерттеу жұмыстары да жүргізіліп жатыр. Жаңадан қазылған ұңғымалардан 500 текше су Көкшетаудың Юбилейный ауданы тұрғындарын толықтай қамтамасыз етпек.

Мұнымен қоса, Юрий Шенгальцтың айтуынша, Көкшетау қаласының құрылыс бөлімі тағы су құбыры мен су бұру желілерін қайта жаңғыртуға бағытталған 17 жобаны әзірлеп жатыр. Олардың қатарында қалалық су құбырының тоғыз учаскесі, сондай-ақ әбден тозығы жеткен кәріз коллекторлары мен желілері бар. Алайда бұл жобалардың барлығы келесі жылы іске аса ма деген сұраққа бас директор «бәрі бөлінетін қаржыға байланысты» деп жауап берді.

«Көкшетау Су Арнасы» басшысының мәліметінше, қазір коммуналдық кәсіпорын мұндай ірі жөндеу жұмыстарын қаржыландыру тұрмақ, аса үлкен шығынға белшесінен батып отыр. Халыққа берілетін төмен тарифтер қажетті материалдарды сатып алуға да, қызметкерлердің жалақысын көтеруге де жетпейді. Салдарынан су құбырларында жиі апаттар болып, кәсіби кадрлар қасқалдақтың қанынан қат болып қалған.

ЖАҢА ЖОБАНЫҢ «ЖЫЛУЫ»

Жылу электр стансасы жоқ елдегі жалғыз шаһар – Көкшетау әлдеқашан «Аристондар қаласы» аталып кеткен. Кейіннен бұндай орталық салынатыны айтылды. Бірақ былтыр жыл соңында ғана қазығы қағылған жылу электр орталығының құрылысы кейінгі жылдардағы ең ірі әрі ең даулы инфрақұрылымдық жобалардың біріне айналып отыр. Бір жағынан, станса солтүстік өңірдің жылу мен электр энергиясы тапшылығын шешуге тиіс болса, екінші жағынан, жергілікті қоғам арасында экология, қаржыландыру, мерзім мен тиімділікке қатысты сауал көп.

Шаһардың жылу жүйесі толығымен сонау Кеңес заманында пайдалануға беріліп, әбден тозығы жеткен жылу қазандықтарына тәуелді. Қолдану мерзімі әлдеқашан өтіп кеткен қазандықтар ондаған жылдар бойы апатты жағдайда да жұмыс істеуге мәжбүр болды. Оның үстіне, шаһарда кейінгі жылдарда құрылыс қарқынының тым артуы да жылу қазандықтарына шамадан тыс жүк болып, қаланы жылумен қамтуға қауқары жетпеуге таяды. Әсіресе, Сарыарқа, Жайлау сияқты шаһардың шеткері аудандары жыл сайын мұздап қалатынын айтып жиі шағымданады.

Жыл санап облыс орталығындағы халық санының өсіп, қала құрылысының кеңеюі шаһарда ЖЭО салуды жеделдету қажеттігін айқын көрсетті. Осы қажеттіліктен туындап, мемлекет деңгейінде Көкшетауда жаңа жылу электр орталығын салу туралы шешім қабылданған. Жоба елдегі энергия теңгерімін тұрақтандыруды көздейтін ірі стратегиялық жоспардың бір бөлігі ретінде қарастырылды. Бұл ретте Көкшетау ғана емес, тұтас солтүстік аймақтағы бірнеше қалада жаңа ЖЭО-ын салу күн тәртібіне шықты.

Жобаны іске асыру үшін арнайы «Көкшетау СНР» компаниясы құрылып, негізгі оператор ретінде «Самұрық-Энерго» компаниясы белгіленді. Ал қаржыландыру тетігі бастапқыда халықаралық әріптестік арқылы жүзеге асады деп жоспарланғанымен, кейін Қазақстан жобаны өз күшімен жүзеге асыратыны мәлім болды.

Бекітілген жоспарға сәйкес, Көкшетаудағы жаңа ЖЭО 240 МВт электр энергиясын, сонымен қатар 520 Гкал/сағ жылу қуатын өндіруге қабілетті болмақ. Бұл – қаланың қазіргі қажеттілігін толық жауып қана қоймай, алдағы жылдарда салынатын тұрғын үй құрылысы мен өнеркәсіптік өсімді де есепке алатын көрсеткіш болып отыр.

Станса заманауи технологиялармен жабдықталып, көмір жағу кезінде зиянды қалдықтарды барынша азайтатын сүзгілер орнатылады. Сонымен қатар болашақта газ инфрақұрылымы дамыған жағдайда, ЖЭО-ны газға көшіру мүмкіндігі де техникалық тұрғыда қарастырылыпты.

ЖЭО құрылысы басталғалы бері қоғамда ең көп айтылған сауал – экология мәселесі екені рас. Жобалаушылардың мәліметінше, жаңа жылу электр орталығы ескі қазандықтармен салыстырғанда атмосфераға бөлінетін зиянды заттарды әлдеқайда аз шығарады. Себебі онда халықаралық стандарттарға сай газ тазарту жүйелері қолданылады. Яғни, бір орталық ЖЭО – бірнеше ондаған ескі қазандықтан экологиялық тұрғыда қауіпсіз деген уәж алға тартылады. Дегенмен жергілікті экологтар қоғамдық бақылау мен ашық мониторингсіз бұл уәделер қағаз жүзінде қалып қоюы да мүмкін екенін ескертеді.

Сонымен қатар жылу мен электр энергиясының тұрақтануы шаһарда тарифтік тәуекелді төмендетіп, инвесторлар үшін қаланың тартымдылығын арттырады деп күтіледі. Ең бастысы, қуатты жылу электр орталығының пайдалануға берілуі тұрғындардың өмір сапасына тікелей әсер етпек.

Халық жылдар бойы күткен Көкшетаудағы ЖЭО-ғы жай ғана энергетикалық нысан емес екені айдан анық. Жаңа нысан қаланың болашақ дамуына тікелей әсер ететін аса ірі стратегиялық шешім болмақ. Егер жоба уәде етілгендей сапалы, ашық және уақытында жүзеге асса, Көкшетау ондаған жыл еш уайымсыз жылумен қамтамасыз етілмек. Ал егер бақылау әлсіреп, жауапкершілік төмендесе, бұл жоба да осыған дейін бармақ шайнатқан «қымбат, бірақ күмәнді» бастамалардың қатарына қосылуы бек мүмкін. Сондықтан ЖЭО тағдыры – тек энергетиктердің ғана емес, қоғам мен биліктің ортақ жауапкершілігін естен шығарылмаса екен дейміз.

Айбын АРҒЫН

АЙНА

10 АҚПАН 2026 | СЕЙСЕНБІ

«Періште» КЕЙІПТІ КЕЙІПКЕР

Ұлына қалыңдық іздеген Тана апаны жұрт жақсы білсе керек. Өйткені «Тақиялы періште» – иісі қазақ сүйсініп көретін, қазақ киносының алтын қорына еніп, аңызға айналған кино. Одан әр ананың арманы баласының жұбын жолықтыруы екенін көреміз. 1969 жылы лирика мен комедия тоғысып, осындай шедевр дүниеге келген еді. Содан бері жарты ғасыр өтсе де, көрермен қайталап көруден жалыққан емес. Жақында осы кинотуынды заманауи форматтағы сахналық үлгіде көрерменге жол тарты. «Тақиялы періште» спектаклін JAN иммерсивті театры қойды.

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Аталмыш фильмнің сахналық үлгісін әзірге екі театр сахналап келеді. Бірін былтыр Атырау облыстық Жастар театры қойса, екіншісін Астана қаласындағы JAN театры қойды. «Тақиялы періште» – театр репертуарындағы төртінші қойылым. Мазмұны жағынан айырмашылық болмағанымен, фильмді көргендер сюжеті жағынан айырмашылық барын бірден байқайды. Өйткені киноиндустрия мен театр тілі екі бөлек әлем. Сондықтан болар, режиссерлік шешім мен шығармашылық топтың нақты мақсаты – киноны дәл көшіріп қайта қою емес, театр көрерменінің талғамына сай жаңартып жеткізу.

Оқиғаның Алматыда болғанын сахналық декорациялар көрсетті. Нақтырақ айтқанда, шаһардың жүзіне айналған ең көрікті жерлері мен кинодағы айтулы локациялардың бейнесі суреттелген картиналар ілінген: Медеу мұз айдыны, Көктөбедегі телемұнара, «Қазақстан» қонақүйі, Қазақ мемлекеттік циркі. Ол аз десеңіз, театр актерлерінің орындауындағы 60-жылдардың хитіне айналған әндер, шығармашылық топтың костюмдері «Тақиялы періштені» қайта тірілткендей.

«Жалғызбасты еркектің көрген күні құрсын. Жанашыр анасы болу керек, не болмаса әйелі» деген Тана апаның сөзі кинодағы да, қойылымның да кіріспесі болды. Сахналық үлгіде жазылған оқиғаның сценарийіндегі өзгешеліктер бар екенін айта кету керек. Кей кейіпкерлер ойдан қосылды, енді бір кейіпкерлер сахнаға шықпады. Бәріміз киноның соңында ұлан-асыр екі той болатынын, Тана апаның Нияз ақсақалмен бас қосатынын білеміз. Бірақ қойылымда бұл кейіпкер жоқ. Бірақ «Махаббат періштесі» бар. Ол тек ғашық болған бойдақтарға көрініп, екінші жартысын табуға көмектеседі. Оның Махаббат періштесі екенін көрермен бірден түсінді. Мұндай образ болуы о бастан бекітіліпті. Өйткені комедияға лириканы қосуда Махаббат періштесінің рөлі зор. Режиссер, JAN иммерсивті театрының негізін қалаушылардың бірі Руслан Алишевтің айтуынша, жаңа кейіпкерлерді қосу арқылы көрерменді қызықтыра түсуге болады. Өйткені ол талғам уақыт өткен сайын өзгеріп отыратын құбылыс деп санайды. Қойылым екі шығармашылық топтың қатысуымен ойналады. Бірінші құрамда Тана апаның рөлін – Жұлдызай Дүйсенбиева, Тайлақты – Жандос ойнаса, екінші құрамда сәйкесінше, Гүлмира Жакилина мен Біржан Жүнісов образдарымен көпшіліктің ықыласына бөленеді. «Тақиялы періштенің» айтқысы келетін ойы – шынында, қазіргі қоғамның әлеуметтік мәселесіне айналып кеткендіктен қашанда өзекті. Сондықтан театр ұжымы осыны ескеріп, қазақ киносының шедеврін театрға әкелуді жоспарлап, шығармашылық жұмысты сәтті аяқтаған. Бір қызығы, қойылымға театр актерлері ғана емес, сырттан арнайы шақырылған бірнеше актер атсалысқан.

– Бұл – классика. Тақырыбы әрқашан актуалды болғандықтан, әркез көрерменге өтеді деп ойлаймын. Әрі сол жылдардағы эстетика мен сыйластықты сахнаға шығарсақ деген ойымыз әуелден болған. Біз жас театрмыз, сондықтан аға буын актерлеріміз жоқ. Сондықтан қаламыздағы театрлардан басты рөлді ойнайтын актерлер шақырдық. Қойылымда екі құрамның болуы – шартты нәрсе. Ол – салыстыру емес, кез келген жағдайға дайын болу деген сөз. Ал сахналық үлгідегі ерекшеліктерге келсек, біз киноны көшіріп алып, қайта салмаймыз. Олай болса, ізденістің не керегі бар?! Бұл өнер әлемі

болғандықтан, театрдың да өзіне тән стилі болғандықтан, бәрібір өзгерісті, көркемдік дүниелерді қажет етеді. Міне, біздің көзқарасымыздағы кейіпкерлер осылай дүниеге келді, – дейді режиссері Руслан Алишев.

Қойылым басынан соңына дейін «Абзал ана» әнінің сүйемелдеуімен өрбіді. Өйткені фильмде бұл әнді дастарқан басында Бақыт Әшімова орындаған еді. «Тақиялы періште» музыкалық комедия болғандықтан, фильмдегі «Ты куда, Одиссей?», «Кете алмайсың сен менен», «Сайра, бұлбұл» сынды әндер де орындалды. Әмина Өмірзақованың күлкісі образының символы іспетті. Дәл осындай күлкісімен жиылған көрерменнің қошеметіне бөленген «жаңа» Тана апа – Жұлдызай Дүйсенбиева. Оның сөзінде, қылығы мен күлкісінде, тіпті мінезінде де ұқсастық бар. Ал Тайлақтың дене бітімі Әлімғазы Райымбектен аумайды деген пікір білдіріп жатты жұрт. Актерлік шеберлігі өз алдына, оның артында кәсіби актерлік қабілет жатыр ма, есіл еңбек жатыр ма? Актерлік шеберлігіне тәнті болып, қойылымнан соң Жұлдызай ханым мен Жандосты сахна артына іздеп бардық.

Жұлдызай Дүйсенбиева, Тана апаның рөлінде:

– Менің жасым Әмина апаның кинодағы жасына кішкене болса да пара-пар. Тана апа – Әмина апайдың шыңға шығарып тастаған рөлі ғой. Оны ойнау, оны қайталау мен үшін өте қиын болды. Қазақта «аруағы қолдасын» деген сөз бар. Сол сияқты Әмина апайдың аруағы қолдасын деп, барынша жаңаша Тананы ойнап шығуға тырыстым. JAN театрының ұжымы шақырып, Тайлақтың анасы болып ойнауымды ұсынғанда, уайымдап едім. Бірақ келіскеніме өкінбеймін. Жас театрымен жұмыс істеу менің екінші тынысымды ашып жатыр. Меніңше, бұл өтімді қойылым болмақ. Өйткені қазір де қоғамда Әмина апамыз сияқты аналар өте көп. Тайлақ сияқты 28 жастағы емес, одан үлкен бойдақтар қатары да көбейіп кетті.

Жандос Қадыров, Тайлақтың рөлінде:

– Біз білетін Тайлақ алпамса денелі, еңсегей бойлы, аққөңіл, сенгіш жігіт. Көбі дене бітімімді ұқсатады. Сондықтан бұл рөлге бірден таңдап алды. Бірақ мінезіміз келмейді. Ол тұйық жігіт болды ғой, сондықтан осы жағын шынайы ойнау үшін мүмкіндігінше дайындалдым. Бірақ кейіпкерді ойнау үшін киносын көріп, спектакльдерін қайта қарау деген дұрыс емес. Ұстазымыз Ақыш ағай осылай айтатын. Әркімнің өзінің Тайлағы, өзінің Танасы және Айшасы болуы керек. Осыларды ескеріп, театрымыздың «Тайлағын» өзім құрастырғандай болдым. Негізі, режиссердің де талабы сондай еді.

Қойылымда Махаббат періштесі, Айша мен Алтыншаштың рөлдеріне айрықша басымдық беруге болады. Өйткені олар қатыспаған сахна мүлде жоқ. Тек олардың болашағы кинодағы кейіпкерлердікі сияқты өрбуден өзгеше. Сыра сатушы Алтыншаш Тайлаққа ғашық болғандықтан, Тана апаға Айшаны «босаға көрген» деп алдады. Ал, шын мәнінде, Тана апаның Айшаны келін етудегі қарсылығы ол емес-тін, жас кезінде сөз байласқан Тайырдың қызы екенінде. Мұны «Тақиялы періште» киносының сүйікті көрермені жақсы біледі. Айтпақшы, ойдан шығарылған Купидон (Махаббат періштесі) кейіпкері сырт көзге жеңіл, оңай образ болып көрінгенімен, оның ар жағында үлкен жауапкершілік жатыр. Қойылымның шымылдығын түріп ашатын да, түндігін түсіріп аяқтайтын да – осы кейіпкер. Әрі комедияның жарқын көрінісін одан сайын асыра түсті.

– Сценарий бойынша «Махаббат періштесі» тек ғашық болған бойдақтарға ғана көрінеді. Міндеті – қос ғашықты қосу, қаланың әр бұрышында жүрген жастарды жолықтыру. Қойылымды бастап ашатын кейіпкер болғанымнан соң ба, мен үшін өте ауыр болды. Өйткені қалай бастасам қойылым да солай өрбиді. Егер темп түсіп кетсе, қойылым басынан-ақ сәтті шықпаушы еді. Сондықтан

> **Бұл – классика. Тақырыбы әрқашан актуалды болғандықтан, әркез көрерменге өтеді деп ойлаймын. Әрі сол жылдардағы эстетика мен сыйластықты сахнаға шығарсақ деген ойымыз әуелден болған. Біз жас театрмыз, сондықтан аға буын актерлеріміз жоқ. Сондықтан қаламыздағы театрлардан басты рөлді ойнайтын актерлер шақырдық. Қойылымда екі құрамның болуы – шартты нәрсе.**

мұның артында көрермен білмейтін жауапкершілік жатыр, – дейді Оралжан Жәнібек.

JAN иммерсивті театрының репертуарында қазір «Өліра» лирикалық-комедиясы, «Мама» драмасы, «Бикеш» комедиясы және «Тақиялы періште» лирикалық-комедиясы бар. Театрдың негізін қалағандар – қазақ киносы мен театр әлемінде өзіндік орны бар Меруерт Өтекешова, Ақыш Омаров, Жанқалдыбек Төленбаев сияқты тау тұлғалардың шеберханасынан шыққан актерлер. Алдағы уақытта «Тақиялы періште» премьерасымен оңтүстік және батыс өңіріне бару жоспарда бар.

Қазіргі жастардың көбі ерте шаңырақ көтеруге асықпай, алдымен қаржы тауып, мансап қалыптастыруды мақсат етеді. Тұрмыс жайы түзеліп, өмірлік ұстанымы айқындалған шақта ғана жүрек қалауын іздеп, отбасы құру туралы ойлана бастайды. Бәлкім, бұл – қарбалас дәуірдің жазылмаған заңы шығар. Арада жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, әзіл мен жылылыққа толы комедиялық туынды театр үлгісінде қайта көрерменімен қауышқаны қуантады.

ОЛИМПИАДА КҮНДЕЛІГІ

ОЙЫНДАР БАСТАЛЫП КЕТТІ

Италияда 2026 жылғы қысқы Олимпиада ойындары ресми түрде басталып кетті. Иә, төрт-жылдықтың басты додасына 90-нан астам елден 3 500-ден аса спортшы қатысады екен. Олардың қатарында біздің елдің қыз-жігіттері де бар.

Алғашқы жарыс күнінің нәтижелерін бір шолып өтейік. Бірінші күні конькимен жүгіруден әйелдер арасында 3000 метр қашықтықта жүлделер сарапқа салынған еді. Бұл бағдарламада Қазақстан атынан екі спортшымыз өнер көрсетті. Жүлделі орыннан көріне алмасақ та, спортшыларымыз үздік ондықтың қатарына енді. Надежда Морозова 4:01.200 уақыт көрсеткішімен алтыншы болып мәреге жетсе, Елизавета Голубева 4:03.300 уақыт көрсеткішімен оныншы орынға тұрақтады.

Ал қарсылас италиялық Франческа Лолобриджида Олимпиада рекордын жаңартып, алтын медаль жеңіп алды – 3:54.280. Екінші орынды норвегиялық Рагне Виклунд (3:56.540) иеленді. Ал канадалық Валери Мальте (3:56.930) үшінші болып мәреге жетті.

Келесі кезекте шаңғышыларымыз әйелдер арасында скиатлон жарысында сынға түсті. Еліміздің атынан екі спортшы жарыс жолына шығып, біз күткен нәтижелерді тіркей алмады. Ксения Шалыгина 53-орынға табан тіресе, Надежда Степашкина 60-орынды иеленді.

Олимпиаданың алтын жүлдесін Швеция спортшысы Фрида Карлссон жеңіп алды. Екінші орында да швециялық Эбба Андерссон тұрса, қола жүлде Норвегия өкілі Хейди Венгке бұйырды.

Олимпиаданың екінші күні дәл осы спорт түрінен ерлер құрамасының атынан Наиль Башмаков пен Әмірғали Мұратбеков өнер көрсетті. Олар да жарыс жолын сәтсіз аяқтады.

Қазақстандық биатлоншыларымыз да аралас эстафета бойынша жарысқа қатысқан еді. Бұл сайыста ел намысын Владислав Киреев, Әсет Дүйсенов, Милана Генёва және Айша Ракишева қорғады. Құрамамыз жарысты 21-орынмен аяқтады.

Олимпиадада жеңіс тұғырының ең жоғары сатысына Франция құрамасы көтерілді. Италия күміс жүлдеге ие болса, қола медаль Германияға бұйырды.

Жалпы, медаль кестесінде норвегиялықтар бір күнде үш алтын және бір қола медаль қанжығалап, жалпы есепте алты жүлдемен көш бастады. Тау шаңғысы және командалық мәнерлеп сырғанау бәсекесінде сәтті өнер көрсеткен американдықтар екі алтын медальмен екінші орынға жайғасты. Италия құрамасы қоржынына алты медаль түсті. Осылайша, олар медаль кестесінде үшінші орыннан көрінді. Қазірге Жапония, Аустрия, Германия, Чехия, Франция, Швеция және Швейцария құрамаларында бір алтын жүлдеден бар. Ал Оңтүстік Корея және Словения құрамалары бір күміс, Болгария, Канада және Қытай құрамаларында бір қола жүлде бар.

GRAND SLAM PARIS 2026: ҚОРЖЫНДА 3 ҚОЛА

Демалыс күндері Франция астанасы Парижде дзюдодан әлемдік Grand Slam жарысы өтті. Ел намысын қорғаған жігіттеріміз медальсыз қайтпады.

Аман Бақытжан 60 келі салмақта үздік үштіктен көрінді. Ол жұбаныш белдесуде кубалық Джонатан Чаронды тізе бүктірді. Отандасымыз жарыс барысында 5 кездесудің төртеуінде жеңіске жетті. Өз тобынан үздік шығып, жартылай финалға дейін жетті. Алайда отандасымыз жартылай финалда Дильшот Халматовқа есе жіберді.

Байрақты бәсекенің екінші күні Абылайхан Жұбаназар (81 келі) мен Нұрлыхан Шархан (100 келі) үздік үштіктен көрінді. Қола медаль үшін белдесуде Абылайхан Аустрия спортшысын жүлдесіз қалдырды. Айта кетейік, бұл отандасымыздың әлемдік Grand Slam жарысындағы жетінші жүлдесі. Бұған дейін ол 1 күміс, 5 қола жүлдеге қол жеткізген болатын. Ал Нұрлыхан жұбаныш финалында нидерландтық Катарина Симеонды жеңді. Тартысты кездесу голден скорге дейін созылды. Қосымша уақытта Нұрлыхан вазари ұпайын еншілеп, Қазақстан қоржынына үшінші қола жүлдені салды.

Әсет ҚАЛИ

AMANAT MEDIA GROUP
AIQYN
Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС
Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ
Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары
Мадияр ТӨЛЕУ – Шығарушы редактор
Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ– Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА – Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4702
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ»АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
• «Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор – Айсұлу СЪЕЗХАН